

№41

/Сәрсенбі/

10 қазан 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙГАК

М Е Д И А



ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан үзінді

5 қазан, 2018 жыл.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

I. ХАЛЫҚ ТАБЫСЫНЫҢ ӨСУІ

Үкіметке 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақыны 1,5 есе, яғни 28 мыңнан 42 мыңға дейін өсіруді тапсырамын.

Бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін 275 мың қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35 пайызға өседі.

Осы мақсаттарға 2019-2021 жылдарда республикалық бюджеттен жыл сайын 96 миллиард теңге бөлу керек.

Бизнесті өркендетудің тұрақты көздерін қалыптастырып, жеке инвестицияны ынталандыру және нарық еркіндігін қолдау керек.

Дәл осы бизнес арқылы жаңа жұмыс орындары ашылып, қазақстандықтардың басым бөлігі табыспен қамтамасыз етіледі.

«Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасының қолданылу мерзімін 2025 жылға дейін ұзарту керек. Осы бағдарламаны жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша кемінде 30 миллиард теңге бөлуді қарастыру қажет.

Үкімет 3 ай мерзім ішінде осы мәселемен айналысып, бәсеке-лестікті қорғау функциясын елеулі түрде күшейте отырып, монополияға қарсы ведомствоның жұмысын реформалауы керек.

Бизнесті заңсыз әкімшілік қысымнан және қылмыстық қудалау қаупінен қорғауды арттыра түсу керек.

2019 жылдың 1 қаңтарынан

бастап салық заңнамасының бұзылуы жөніндегі қылмыстық жауапкершіліктің қолданылу шегін, айыппұлды өсіре отырып, 50 мың айлық есептік көрсеткішке дейін арттыруды тапсырамын.

Үкімет үш жыл ішінде экономикадағы көлеңкелі айналымды кем дегенде 40 пайызға қысқарту үшін нақты шаралар қабылдауға тиіс.

Бизнес өз жұмысын жаңадан бастау үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап салықтың негізгі сомасы төленген жағдайда, өсім мен айыппұлды алып тастай отырып, шағын және орта бизнес үшін «салық амнистиясын» жүргізуге кірісуді тапсырамын.

Үкіметке өңдеу өнеркәсібі мен шикізаттық емес экспортты қолдау мақсатымен алдағы 3 жылда қосымша 500 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Басымдығы бар жобаларға қолжетімді несие беру міндетін шешу үшін Ұлттық банкке кемінде 600 миллиард теңге көлемінде ұзақ мерзімге қаржы бөлуді тапсырамын.

Үкімет Ұлттық банкпен бірлесіп, осы қаражаттың көзделген мақсатқа жұмсалуды қатаң бақылауды қамтамасыз етуі керек.

Бай табиғатымыз бен мәдени әлеуетімізді пайдалану үшін сырттан келетін және ішкі туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Үкімет қысқа мерзімде салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдауға тиіс.

Агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру керек.

Негізгі міндет – еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту.

Ауыл кәсіпкерлеріне шаруашылық жүргізудің жаңа дағдыларын үйрету үшін жаппай оқыту жүйесін қалыптастырған жөн.

Үкіметке алдағы 3 жыл ішінде осы мақсаттарға жыл сайын қосымша кемінде 100 миллиард теңге қарастыруды тапсырамын.

Ең алдымен, «болашақтың экономикасының» баламалы энергетика, жаңа материалдар, биомедицина, үлкен деректер, заттар интернеті, жасанды интеллект, блокчейн және басқа да бағыттарын ілгерілетуді қамтамасыз ету қажет.

Үкіметке Назарбаев Университетімен бірлесіп, нақты жобаларды анықтай отырып, әрбір бағыт бойынша арнайы бағдарламалар әзірлеуді тапсырамын.

Зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын басқару тиімділігін арттырып, баламалы қаржы құралдарын – құнды қағаз нарығы, сақтандыру және басқа да салаларды нақты дамыту керек.

Бизнесті шетел инвестициясымен, капиталға қолжетімділікпен қамтамасыз ету ісінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы маңызды рөл атқаруға тиіс.

Жалғасы 2-ші бетте

ПАРЛАМЕНТ СЕНАТЫНЫҢ ҚАТАРЫ ЕКІ ДЕПУТАТПЕН ТОЛЫҚТЫ

Орталық сайлау комиссиясы 8 қазанда Шымкенттен Сенаттың екі депутатын тіркеді. Осы күннен бастап олардың өкілеттік мерзімі күшіне енеді.

комиссиясының төрағасы Марс Елекеевтің мәлімдеуінше, сайлау барысында барлық заң рәсімдері сақталды.

Айта кетейік, Мемлекет басшысы Н.Назарбаев биылғы тамыз айының басында Шым-



Нұрлан
БЕКНАЗАРОВ



Дархан
САТЫБАЛДЫ

Шымкент қаласындағы «Түркістан» сарайында ағымдағы жылдың 5 қазаны күні Парламент Сенатының депутаттарын сайлауы өтті. Еске салсақ, республикалық маңызы бар қала мәртебесін иеленген Шымкент қаласынан алғаш рет Сенатқа депутаттыққа үміткерлер ұсынылған болатын.

Бұл саяси шараға қатысқан қалалық мәслихаттың 26 депутаты үміткер ретінде тіркелген 6 кандидаттың арасынан өз тандауын жасады.

Бұған дейін Орталық сайлау комиссиясы 9 кандидаттың тіркелгенін хабарлаған болатын. Дегенмен, сайлау алдында сол үміткерлердің үшеуі бастартты.

Қалған үміткерлердің арасында «Банк ЦентрКредит» АҚ Шымкент қаласы филиалының басқармасы Серік Алданов, Шымкент қалалық мәслихатының хатшысы Нұрлан Бекназаров, «Global A» ЖШС директоры Бижан Жылкелдиев, «Манкент шипажайы» АҚ бас директорының орынбасары Фани Қарабеков, уақытша жұмыссыз Дархан Сатыбалды және «Шымкент-сауда» ЖШС директоры Асқарбек Үркімбаевтар болды.

Сайлау қорытындысы бойынша Дархан Сатыбалды – 21 дауыспен, Шымкент қалалық мәслихатының хатшысы Нұрлан Бекназаров 22 дауыспен жеңіске жетті.

Шымкент қаласы сайлау

кент қаласынан ҚР Парламенті Сенаты депутаттарын сайлау туралы Жарлыққа қол қойды. Бұл – Шымкент қаласының республикалық маңызы бар қала дәрежесіне ие болуына байланысты. ҚР Президенті Н.Әбішұлы бұл Жарлыққа 2018 жылғы 19 маусымда қол қойған болатын.

Шымкент қалалық әкімдігінде кезектен тыс 39-сессия Шымкенттік депутаттар Нұрлан Бекназаровты Сенатқа сайлануымен құттықтады. Жаңа салада жемісті еңбек тіледі.

– Бұл – біздің қала үшін тарихи сәт, – деп атап өтті Шымкент қаласының әкімі Рахидолла Әбдірахымов. – Жазда Мемлекет басшысы Шымкентке республикалық маңызы бар қала мәртебесін беру және Сенатқа сайлау өткізу туралы бірден екі маңызды Жарлыққа қол қойды. Және ол Жарлықтар орындалды. Алғаш рет саяси аренада Шымкент қаласының депутаттары дербес аумақтық бірлік ретінде таныстырылады.

Айта кетейік, Нұрлан Бекназаров Шымкент қалалық мәслихатының хатшысы қызметін 13 жыл бойына атқарды. Әріптестерінің айтуынша, ол мегаполис үшін маңызды шешім қабылдау кезінде әр депутаттың пікірін ескеріп, туған қаласы үшін еңбек етті.

«Айғақ»-ақпарат.

II. ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

5 жыл ішінде білім, ғылым, денсаулық сақтау салаларына барлық көздерден жұмсалатын қаражатты ішкі жалпы өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу қажет.

Білім және ғылым министрлігі өкімдіктермен бірлесіп, биыл тиісті «Жол картасын» әзірлеуі керек.

Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесі мен әдістемесі мемлекеттік мектептер үшін бірыңғай стандарт болуға тиіс. Бұл мектеп білімін реформалаудың қорытынды кезеңі болады.

Балалар қауіпсіздігінің маңыздылығын ескеріп, бүкіл мектептер мен балабақшаларды бейнебақылау жүйесімен қамтамасыз етуді, мектеп психологтарының жұмысын күшейтуді және басқа да дәйекті шараларды жүзеге асыруды тапсырамын.

Білім алудың қолжетімділігін арттыру мақсатымен оқушыларға орын жетіспейтіні, мектептердің үш ауысымда оқыту және апат жағдайында болу проблемалары мейлінше сезіліп отырған өңірлер үшін Үкіметке 2019-2021 жылдарға арналған бюджеттен қосымша 50 миллиард теңге қарастыруды тапсырамын.

Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөңсіз тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс.

Қазіргі білім инфрақұрылымының базасында Назарбаев Университетінің үлгісімен өңірлік жаңа жоғары оқу орнын құру қажет деп санаймын.

Алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсететін қызметкерлерді ынталандыру үшін 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап ауруларды емдеу ісін басқарудың жаңа төсілдерін енгізген учаскелік медицина қызметкерлерінің жалақысын кезең-кезеңмен 20 пайызға көбейтуді тапсырамын.

Осы мақсаттарға келесі жылы 5 миллиард теңге бөлінеді.

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап барлық емханалар мен ауруханалар медициналық құжаттарды қағазсыз, цифрлық нұсқада жүргізуге көшуге тиіс.

Осыған дейін жасалған кардиологиялық және нейрохирургиялық кластерлердің тәжірибесін пайдаланып, 2019 жылы Астанада Ұлттық ғылыми онкологиялық орталықтың құрылысын бастау керек.

Осылайша, біз көптеген адам өмірін сақтап қаламыз.

Үкіметке және өкімдерге кем дегенде 100 дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды тапсырамын.

Ұлт саулығы – мемлекеттің басты басымдығы. Бұл – қазақстандықтар сапалы азық-түлікті пайдалануға тиіс деген сөз.

Бүгінде халықты сапасыз өрі денсаулыққа және өмірге қауіп төндіретін тауарлар мен көр-



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫНЫҢ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ

сетілетін қызметтерден қорғайтын тұтас саясат жоқ.

Үкіметке шаралар қабылдауды және осы жұмысты ретке келтіруді тапсырамын.

Келесі жылдан бастап Тауарлар мен көрсетілетін қызмет сапасын және қауіпсіздігін бақылау комитеті жұмысын бастауға тиіс.

Оның қызметі, ең бастысы, азық-түлікке, дәрі-дәрмекке, ауыз суға, балалар тауарына, медициналық қызмет көрсетуге сараптама жүргізуді қамтитын болады.

Ұсынылатын тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігі үшін бизнес қоғамдастығы да жауап береді.

III. ӨМІР СҮРУГЕ ЖАЙЛЫ ОРТА ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Өкімдерге жергілікті бюджет есебінен жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаны ішінара субсидиялау мәселесін пысықтауды тапсырамын.

Өкімдер осы қаражаттың есебінен өңірлердегі мейлінше өткір проблемаларды шешуге күш жұмылдыруы керек.

Экологиялық ахуалды жақсарту, соның ішінде зиянды заттардың таралуы, топырақтың, жердің, ауаның жағдайы, қалдықтарды жою, сондай-ақ онлайн түрінде еркін қолжетімді экологиялық мониторинг жүргізу жүйесін дамыту жөніндегі жұмыстарды күшейту қажет.

2019 жылдың 1 қыркүйегіне дейін Еліміздің басқарылатын урбанизациясының жаңа картасына айналатын Еліміздің 2030 жылға дейінгі аумақтық-кеңістіктік дамуының болжамды схемасын әзірлеуді тапсырамын.

Практикалық шараларды жүзеге асыру үшін, нақты іс-

шараларды, жобаларды және қаржыландыру көлемін көрсете отырып, Өңірлерді дамытудың 2025 жылға дейінгі прагматикалық бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

Үкіметке Президент Өкімшілігімен бірлесіп, «Ішкі істер органдарын жаңғырту жөніндегі жол картасын» қабылдауды тапсырамын.

Реформалар 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап жүзеге асырыла бастауға тиіс.

Біріншіден, Ішкі істер министрлігінің штаттық санын оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылту қажет.

Үнемделген қаражатты полициялардың жалақысын көбейтуге, олардың тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттаған жөн.

Қызметкерлердің бәрі қайта аттестациялаудан өтуге тиіс. Тек үздіктері ғана қызметін жалғастырады.

Үшіншіден, халықпен жұмыс істеудің жаңа заманауи форматтарын енгізіп, полицияны бағалаудың критерийлерін түбегейлі өзгерткен жөн.

Полицияның жұмысын сервистік модельге көшіру қажет.

Сот жұмысының заманауи форматтарын және озық электронды сервистер енгізуді жалғастырамын.

Сот жүйесінің сапалы дамуын және кадрларының жаңаруын қамтамасыз етіп, үздік заңгерлер судья болуға ұмтылатындай жағдай жасау керек.

Бизнес пен мемлекеттік құрылымдар арасындағы сот арқылы шешілетін дау-дамайды қарау кезінде түсінікті өрі болжамды сот тәжірибесі керек, сондай-ақ судьяларға заңсыз ықпал ету мүмкіндіктерін жою қажет.

«Сапа» – мемлекеттік қыз-

IV. АЗАМАТТАР СҰРАНЫСЫНА БЕЙІМДЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІК АППАРАТ

метші өмірінің жаңа стилі, ал өзін-өзі жетілдіру – оның басты қағидаты болуға тиіс.

Мемлекеттік басқару академиясы Назарбаев Университетімен бірлесіп, «Жаңа формацияның басшысы» бағдарламасын және басшылық қызметтерге тағайындау кезінде арнайы қайта даярлаудан өткізетін курстар әзірлеу қажет.

Еңбекке төленетін қаржының өсімі бюджет шығысын, соның ішінде бағынышты мекемелердің шығыстарын оңтайландыру және үнемдеу есебінен өтелуін бақылауда ұстауды тапсырамын.

Үкімет тиімсіз өрі уақтылы емес шығындарды болдырмай, шығыстарды оңтайландырып, қаражатты үнемдеу үшін жүйелі шаралар қабылдауы қажет.

Сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатын болады.

2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуге тиіс.

Қарамағындағы қызметкерлер сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқықбұзушылық жасаған жағдайда, бірінші басшылардың жеке тәртіптік жауапкершілігін күшейту мәселесін пысықтау қажет.

Қойылған міндеттерді тиімді жүзеге асыру үшін реформалардың жүргізілуіне бақылау механизмдерін күшейту қажет.

Парламент қажетті заң жобаларын сапалы өрі жедел қарастырып, қабылдауға тиіс.

Реформалар мен негізгі стратегиялық құжаттардың жүзеге асырылу барысына мониторинг

жүргізіп, бағалау үшін қажетті өкілеттіктер бере отырып, Президент Өкімшілігінде Ұлттық жаңғыру офисін құруды тапсырамын.

V. ТИІМДІ СЫРТҚЫ САЯСАТ

Қазақстанның табысты жаңғыруын қамтамасыз ету үшін бастамашыл белсенді сыртқы саясатты одан өрі жүзеге асыру қажет.

Қазіргі күрделі жағдайда Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты бейімделуді және ұлттық мүддені прагматизм өағидаттарына сәйкес ілгерілетуді талап етеді.

VI. ӘРБІР ҚАЗАҚСТАНДЫҚТЫ ЕЛІМІЗДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ҮДЕРІСТЕРІНЕ АТСАЛЫСУЫ

Әрбір қазақстандық жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін және олардың Отанымызды өркендету жолындағы маңызын жете түсінуге тиіс.

Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау-мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуға тиіс.

Келесі жылды Жастар жылы деп жариялауды ұсынамын.

«Өз жерінді танып біл» жаңа бастамасы аясында еліміздің өңірлері бойынша жаппай мектеп туризмін қайта жаңғырту керек.

САРЫАҒАШ АУДАНЫНДА ТОМОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҚ АШЫЛЫП, БАЛАБАҚША ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев жұмыс сапарымен Сарыағаш ауданына барды. Алдымен «Жібек Жолы» кеден бекетінің жұмысымен танысқан өңір басшысы одан кейін Жібек Жолы ауылдық округіндегі «Бес Жұлдыз» балабақшасына келді. Жеке кәсіпкер Г.Гуламованың иелігіндегі балабақшаға 1,1 млрд. теңге көлемінде инвестиция тартылған. Қазір 450 бала тәрбиеленіп жатыр. Алпыс адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Облыс әкімі балаларға базарлық ұсынып, балабақша ұжымының қадамын оң бағалады. Инвесторларды тарту аймақтың экономикалық-әлеуметтік ахуалын жақсартатындығы жасырын емес. Сондықтан да, Елбасы өзінің Жолдауында инвестиция тартып, әрбір инвесторлаға ыңғайлы жағдай тудыруды тапсырған болатын.

Түркістан облысы аграрлық аймақ. Ал оның ішінде Сарыағаш пен Келес өңірін жылыжай кешенінің отаны десек, артық айтпағандығымыз.

Ж.Түймебаев мұнан соң, көкөніс «көрзеңкесіне» айналып үлгерген Қапланбек ауылдық округінде орналасқан «Жабай ата» шаруа қожалығының жылыжай кешенінде болды. Мұнда көкөніс өсіруде озық технологиялар қолданылған. Құны 1,8 млрд. теңге болатын жоба бойынша 15 гектар жерге қызанақ пен қияр егілген. Шаруа қожалығында 75 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жұмысшылармен тілдескен Ж.Түймебаев «Бұрын жоғары технологиялар қолданылған жылыжайлар шетелде ғана болушы еді, қазір Сарыағашта да бар. Облыстағы жылыжайлардың 50 пайызға жуығы осы ауданда шоғырланған. Бұл жөнінен Сарыағаш өзгелерге үлгі бола алады. Елбасымыз Түркістан облысының диқандарына бүкіл Қазақстанды жеміс-жидек пен көкөніспен толық қамту жөнінде тапсырма берді. Бүгінде Мемлекет басшысының тапсырмасымен шаруаларға түрлі жеңілдіктер жасалып жатыр. Нәтижесінде бұрын шетелден тасымалданатын жемістер мен көкөністер өзімізде шығарылуда. Сондықтан, осы бағытта жұмысты күшейте береміз. Мемлекет тарапынан қолдау болады» деді.

Сапар барысында аймақ бас-



шысы Келес ауданы, Қошқар ата ауылдық округіндегі «Өктемхан» шаруа қожалығындағы атқарылып жатқан жұмыстарға да қанықты. Мұнда жылына 120 тонна көкөніс өнімдері шығарылады. Жалпы жер көлемі 6 гектар болса, оның 0,65 гектарына жылыжай салынған. Қожалық иесі Тұрсынбай Қалыбаев өз қаражаты есебінен жобаға 22 млн. теңге қаржы кеткен. Бүгінде мұнда 60 мың теңге жалақымен 5 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жоба 2014 жылы жүзеге асқан.

Аймақ басшысы ауыл шаруашылық тауарын өндіруге келгенде санына ғана емес, сапасына да ерекше мән беру керектігін айтты.

«Біздің облыс басқа өңірлерден ауыл шаруашылығымен ерекшеленеді. Яғни, біздің өнімді еліміздің барлық аймақтары тұтынады. Одан бөлек, өзге елдерге экспортталып жатқаны қанша. Демек, біз сапаға мейлінше көңіл бөлуіміз керек. Сонда тауарларыңыз өтімді болады. Егер өнімнің сапасы жоғары болса, ұзақ сапарға да шыдамды, төзімді болары сөзсіз», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Айта кетейік, бүгінде ауданда 5114 ауыл шаруашылығы нысаны жұмыс істеп келеді. Оның 4994-і шаруа қожалық болса, 120-сы өндірістік кооперативтер.

Халық тығыз орналасқан Сарыағашта спорт саласын дамыту маңызды. Осыны ескерген жергі-

лікті билік Қапланбек ауыл округінде «Қапланбек» спорт кешенін ашқан. Мұнда 90 бала каратэ, таеквондо, ауыр атлетика және шағын футболмен шұғылданады. Оларды 7 бапкер баптайды. Спорттың денсаулық кепілі екеніне тоқталған облыс әкімі мұнан соң Сарыағаш аудандық орталық ауруханасына атбасын бұрды. Жаңадан орнатылған компьютерлік томографияның жұмысымен танысып, томография орталығын салтанатты түрде ашып беріп, сарыағаштық дәрігерлерге 3 автокөліктің кілтін тапсырды. Бұл игілікті істердің бәрі Елбасының медицина саласына жасаған қолдауының нәтижесінде болып жатқанын тілге тиек еткен өңір басшысы аурухана ұжымына сәттілік тіледі. Заманауи құрылғы арқылы бас мидың қан айналымдары ауруларын, ісік және ішкі құрылыстағы ауытқулар мен сүйек жарاقاتтарын анықтайды. Жұмыс сапары соңында облыс әкімі Сарыағаш ауданы, Дарбаза ауылдық округінде орналасқан «Ай-Мейірім» балабақшасының ашылу салтанатына қатысты. Мемлекет пен жекеменшік өріптестігі аясында салынған балабақшада 75 бала тәрбиеленеді. Нысанды салуға және ашуға 178 млн. теңге инвестиция тартылған. Қазір бұл мекемеде 28 адам тұрақты жұмыс істеп жүр. Балабақшаны ашып берген Ж.Қансейітұлы мемлекет тара-

пынан білім саласына айрықша қамқорлық көрсетіліп жатқанына тоқталып, тұрғындарды қуанышты оқиғамен құттықтады. Бүгінде Сарыағаш ауданында 203 балабақша жұмыс істеп тұр. Алдағы уақытта да мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің саны артады деген болжам бар.

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев Сарыағаш ауданына сапары барысында өңірдегі орталық ауруханаға арнайы аялдады. Мекеменің инсульт орталығындағы соңғы заманауи құрылғымен жабдықталған томография кабинетін салтанатты түрде ашып берді.

Үздік денсаулық сақтау ісі және

ғай елдімекендерде медициналық тіректер ашылып жатса, орталықтарда медициналық құралдардың жаңа үлгілері орнатылуда. Сондай-ақ, скрининг жұмыстары да жақсы қолға алынған. Бұл жұмыстың барлығы ұлт денсаулығын жақсартуда маңызды орын алып отырғандығы ақиқат.

Елбасының медицина саласына жасаған қолдауының нәтижесінде болып жатқанын тілге тиек еткен өңір басшысы аурухана ұжымына сәттілік тіледі.

«Мемлекет басшысы қашанда елдің денінің саулығына үлкен көңіл бөліп келеді. Қазір облысымызда модульді пункттер салынып, дәрігерлерге арналған арнайы тұрғын үйлер де бой көтеріп жатыр. Қазіргі таңда тұрғын-



дарға сапалы мамандандырылған қол жетімді медициналық қызмет ұсынып, медициналық мекемелердің материалдық-техникалық базасын нығайтып келеміз. Дей тұрғанмен ауырып ем іздегенше, ауырмау үшін көпшілікті спортпен шұғылдануға шақырамын», - деді Жансейіт Қансейітұлы.

Сарыағаш аудандық ауруханасында ашылған жаңа томографиялық кабинет алдағы уақытта өңір тұрғындарының денсаулығын саулығы үшін қызмет етпек.

Бірір жылда Түркістан облысы саудасаттығы қайнаған, тарихи, мәдени нысандарына саяхатшылар ағылған нағыз туризм орталығына айналады. Бұл туралы бүгін Түркістан қаласында Елбасының «ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫ ӨЛ-АУҚАТЫНЫ ӨСУІ: ТАБЫС ПЕН ТҰРМЫС САПАСЫН АРТТЫРУ» атты Жолдауын талқылауға арналған жиында айтылды.

Облыс әкімі Жансейіт Түймебаев Мемлекет басшысының аталған саяси құжатта туризм саласын дамытуға ерекше назар аударғанына тоқталып, бұл жұмыстардың бұрыннан-ақ қолға алынған жоспарларымен бөлісті.

«Мемлекет басшысы: «Бай табиғатымыз бен мәдени әлеуетімізді пайдалану үшін сырттан келетін және ішкі туризмді дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет. Үкімет қысқа мерзімде салалық мемлекеттік бағдарлама қабылдауға тиіс» деді. Мұндай шешім облысымызға келетін шетелдік туристердің санын еселеп арттыруға мүмкіндік береді. Биылғы жарты жылдың өзінде Түркістанға 720 мыңға жуық адам сапарлады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 57,2

ЖОЛДАУ: ТҮРКІСТАНҒА КЕЛЕТІН ТУРИСТЕРДІҢ САНЫН 5 МИЛЛИОНҒА ЖЕТКІЗУ КӨЗДЕЛУДЕ

пайызға өсті. Жақын арада облыс орталығына келетін 1 миллионыншы туристі күтетін боламыз. Түркістан облысында туризмді кешенді дамыту мақсатында 2018-2025 жылдарға арналған туристік индустрияны дамыту тұжырымдамасы әзірленді. Таяуда Түркістан қаласында Бірінші «Көне Түркістан – Жаңа мүмкіндіктер» атты халықаралық инвестициялық және туристік Форумы өтті. Аталған Форумға 19 шетел және қазақстандық 500-ге жуық адам қатысты. Нәтижесінде, 1,7 млрд. АҚШ долларын құрайтын 19 құжатқа қол қойылды», - деді өкім.

Бұл Түркістандағы туризмді дамытуға бағытталған мысалдардың біреуі ғана. Ал жалпы, жан-жақты қолға алынып, түрлі жұмыстарды жүзеге асырудың нәтижесінде, яғни, арнайы түзілген 2018-2025 жылдарға арналған туристік индустрияны дамыту тұжырымдамасы аясында облысқа келетін



туристердің санын 5 миллионға жеткізу межеленіп отыр. Ол үшін жасалған жоспар көп. Мәселен, облыс орталығында тарихи этнотуризмді дамытуға барлық мүмкіндіктер бар. Ол үшін Түркістан қаласындағы «Өзірет Сұлтан» қорық-музейінің даму жоспары түзілген. Жоспарға сәйкес, бірінші кезекте Түркістанның ежелгі қоныстарының бірі – Құлтөбе қалашығы қайта жаңғыртылады. Әбілмәмбет хан мен Тәуке ханның ордалары, олардың жанындағы ортағасырлық үлгідегі мешіті және басқа

отыр. Туристерге сервистік қызметті жетілдіру мақсатында Түркістанда заманауи қонақ үйлер мен демалыс орындарын ашуға инвесторлар тарту жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде.

Бұл тұста Елбасының таяудағы облысымызға ресми сапарында отандық ірі кәсіпкерлер мен Ұлттық компанияларға Түркістанға бір-бірден қажетті ғимараттар мен мәдени-іскерлік нысандарды салып беруді тапсырғаны есімізде.

Бетті дайындаған: Әйгерім ӘЛІБЕКОВА.

МЕГАПОЛИС БАСШЫСЫ НАҚТЫ ІСКЕ КӨШТІ

Шымкент қаласы әкімдігінде Президенттің «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын жүзеге асыру бойынша мәжіліс өтті. Жиынға қала активі, мәслихат депутаттары, құрылымдық басқарма басшылары, зиялы қауым өкілдері, ардагерлер қатысты. Жиында қала әкімі Ғабидолла Әбдірахымов Жолдаудағы негізгі 6 басымдықты атап берді.

— Елбасы Жолдауының басты міндеті — Қазақстанның әлемдік бәсекеге

қабілеттілігін арттыру, экономиканың жаңа моделін құру. Халықтың әл-

ауқатын көтеріп, тұрмыс сапасын жақсартуда не істеу қажеттігін айқындап берді. Нақты тапсырмаларды жүктеді. Біздің мақсат - Жолдауды қайталау емес, тиісті сала басшыларына нақты тапсырмалар беріп, нақты шешім қабылдау. Қалада нақты іс-шаралар қабылдау үшін Жолдауды іске асыру бойынша жол картасы дайындалады. Соны өзіншеді аппаратқа тапсы-



рамын. Әр бағытта жасалатын жұмыстарға қала әкімінің орынбасарлары бекітіледі, - деді қала әкімі.

Жолдауды жүзеге асыру жөніндегі мәжілістің форматы өзгеше ұйымдастырылды. Яғни, жиында басқарма басшылары Жолдаудағы негізгі міндеттер

бойынша өз ұсыныстарын жеткізді. Білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және ветеринария, кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық даму, жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, энергетика және коммуналдық шаруашылық, тұрғын үй қатынастары, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары, отбасы, балалар және жастар істері жөніндегі

басқармасы басшылары баяндама жасап, негізгі атқаратын жұмыстары жөнінде өз жоспарларынан хабардар етті.

Қалада Жолдауды іске асыру бойынша негізгі атқарылатын жұмыстар жоспары түзіліп, нақты іс-шаралар қолға алынбақ. Қалалық және аудандық насихаттық топтар құрылып, өткізілетін іс-шаралардың кестесі бекітіледі.

ТЫҢ ЖОБА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда қоғам болып күресу қажет. Осы ұстанымды негізге алған ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігі барлық мақсатты топтармен бірлесе жұмыс жасауда.

Соның бірайғағы, ағымдағы жылы 28 тамыз күні Агенттік Төрағасының орынбасары О.Бектенов пен «Жолаушылар тасымалы» АҚ бас директоры А.Сұлтанов арасында Өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюы. Келісімге сәйкес, теміржол жолаушыларды тасымалдау қызметіндегі сыбайлас жемқорлық көріністерінің себептері мен жағдайларын анықтау және жою бойынша жұмыс жүргізетін «Адал жол» жобалық кеңсесі құрылды. Сондай-ақ, еліміздің барлық өңірлерінде жобалық кеңсенің жұмыс топтары құрылды.

Агенттіктің Шымкент қаласы бойынша Департаментінің, көліктік бақылау инспекциясы-

ның қызметкерлерінен, кәсіподақ орталықтарының, ішкі істер органдарының өкілдерінен құралған жұмысшы топ өз жұмысын бастады.

Жоба аясында темір жол тасымалдарының тиісті жұмыс істеуіне және халықтың темір жол көлігіндегі қызметтерге қол жеткізуіне кедергі келтіретін мәселелердің жойылуына ықпал ететін болады.

Жоғарыда көрсетілген жобалық кеңсені құрудағы басты себептердің бірі, ағымдағы жылдың шілде айынан бастап Агенттік жанындағы Арнайы мониторингтік топ өкілдерімен еліміздің барлық өңірлерінде «Жасырын сатып алушы» жобасы аясында теміржол саласы қызметіне мониторинг жұмыстарының жүргізілуі.

Мониторинг барысында бірқатар кемшіліктер анықталды. Атап айтқанда, ресми кассаларда билет болмағанымен, делдалдар арқылы билеттердің сатылуы, жолсеріктердің билетсіз жеткізу бойынша азаматтарға ұсыныс білдіруі, вагондардың бос бола тұра, билеттердің болмауы және т.б.

Агенттіктің қоғаммен және «Жолаушылар тасымалы» АҚ-мен кері байланыс орнатуы арқасында жоғарыда көрсетілген бірқатар мәселелердің шешімі табылды.

Айта кетейік, аталған салада ұсыныстар мен ескертпелер бойынша «Адал жол» жобалық кеңсесіне (Астана қаласы, Д.Қонаев к,6), Call орталықтың 8702-447-74-02 нөміріне немесе «AdalZhol.kz@gmail.com» электрондық поштасына жіберуге болады.

ЖАҢАДАН АШЫЛАТЫН ИНДУСТРИАЛДЫҚ АЙМАҚҚА ИНВЕСТИОРЛАР ТАРТЫЛУДА



Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов бірқатар елдердің дипломатиялық өкілдерінің басшыларымен кездесті. Оңтүстік Кореяның, Литва және Оңтүстік Африка Республикаларының дипломаттарымен кездесу барысында Шымкенттің Ұлы Жібек Жолы бағытында ірі көлік хабы ретіндегі мүмкіндіктері талқыланды.

Сондай-ақ, кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы, туризм, білім және денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты дамыту мәселелері де көтерілді.

Шаһар әкімі Шымкентте шетелдік инвесторлар үшін әрдайым есік ашық екенін атап өтті.

Қалада алдағы уақытта жаңа индустриялық аймақтар ашу жоспарланып отыр. Шетелдік инвесторларды жан-жақты қолдау үшін барлық жағдайлар жасалуда, әкімшілік кедергілер жойылып, қолайлы инвестициялық климат нығайуда.

Кездесу соңында тараптар екі жақты іс-қимылға және өзара тиімді жобаларды бірге іске асыруға белсенді қатысуға сенім білдірді.

ПАРАСЫЗ БОЛАШАҚҚА Бірге! РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ Вмесе! В БУДУЩЕ БЕЗ ВЗЯТОК

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МОБИЛЬДІ ТОПТАРДЫҢ ФОРУМЫ

Адал жол - Честный путь!

ФОРУМ МОБИЛЬНЫХ АНТИКОРРУПЦИОННЫХ ГРУПП

Allart



Түркістан облысында ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауы бойынша мәжіліс өтті.

Актив жиналысын ашып беріп, жүргізіп отырған облыс әкімі Жансейіт Түймебаев негізгі алты бағыттан тұратын саяси құжаттың мәні мен мағынасына жеке-жеке тоқталып, оның қазақстандықтардың табысын арттыруға, әлеуметтік жағдайын жақсартуға, орта және шағын кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға, халықтың өмір сүруіне қолайлы әрі қауіпсіз қоғамдық орта құруға бағытталғанын жеткізді. Ел Президентінің Жолдауындағы әрбір тармақты талқылаған аймақ басшысы ондағы міндеттерді Түркістан облысында атқарылып жатқан жұмыстармен байланыстыра баяндады. «Елбасы «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарла-

масының мерзімін 2025 жылға дейін ұзартуды жүктей отырып, оның болжамды нәтижелерін де атап өтті. «Бағдарламаны жүзеге асыру үшін жыл сайын қосымша кемінде 30 миллиард теңге бөлуді қарастыру қажет. Бұл 3 жыл ішінде қосымша кемінде 22 мың жаңа жұмыс орнын ашуға, 224 миллиард теңге салық түсіруге және 3 триллион теңгенің өнімін өндіруге мүмкіндік береді», - деді Президентіміз. Бұл тапсырма да жаңадан құрылған Түркістан облысында да кәсіпкерлік саласының одан әрі дамуына тың жол ашады», - деді Ж.Түймебаев. Отырыста, сонымен бірге, облыс әкімі Жолдауда айтылғандай, ел экономикасын алға сүйрейтін, атап

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ - ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛ-АУҚАТЫН ЖАҚСARTУҒА ЖАҢА БІР БЕЛЕС

айтқанда, индустрияландыру, өнеркәсіп, құрылыс, тұрғын үй, туризм, агро-өнеркәсіп сынды салалардың өңірдегі көрсеткішімен, алдағы даму жоспарларымен бөлісті. Мемлекет басшысының саяси құжатындағы міндеттерді насихаттауда мінберге бірқатар азаматтар шығып,

ардагер ұстаз Амангелді Қабылбеков, Қазақстан өзбектері «Дустлик» қауымдастығының төрағасы И.Хашимжанов және Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің 4-ші курс студенті, «Түркістан студенттері альянсы» қоғамдық бірлестігінің мүшесі Алуа Тұрсынхан да

және жастар істері жөніндегі басқармалары мен аудан, қала әкімдіктеріне, сондай-ақ, «Нұр Отан» партиясы облыстық филиалына да жүктелді.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасына бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтін қызметкерлердің еңбекақысын қайта есептеп, қажетті қаржыны анықтау шараларын жүргізуді жүктеп, жергілікті бюджет есебінен білім, денсаулық сақтау, ішкі істер және басқа да сала мамандары үшін жеңілдетілген ипотека бойынша алғашқы жарнаы ішінара субсидиялау мәселесін

шаруашылық басқармасы еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылық өнімінің экспортын көбейту бойынша нақты шараларды жүзеге асыратын болса, білім басқармасы мектепке дейінгі білім беру сапасын түбегейлі жақсарту мақсатында тиісті министрлікпен жол картасын әзірлеуді міндетіне алды. Ал денсаулық сақтау басқармасы бұдан кейін медициналық қызмет көрсету мекемелерінің толыққанды электронды құжат айналымы жүйесіне өтуді қамтамасыз етпек. Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы мен аудан, қала әкімдіктерімен бірлесіп тұрғындардың бұқаралық спорт пен дене шынықтырудың қолжетімділігін арттыру мақсатында арнайы спорт кешендерін салу және аула мен саябақтарды арнайы дене шынықтыру құралдарымен жабдықтау жолдарын жүзеге асыратын болды. Жалпы, облыстық басқармалар мен қала, аудан әкімдіктері сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жұмыстарын жалғастырып, бұл мақсатта көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясын мейлінше тікелей қарым-қатынасты азайту арқылы электронды форматқа көшу шараларын жүзеге асырмақ.



өз ойларын ортаға салды. Олардың ішінде, Қ.Яссауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің доценті, тарих ғылымдарының докторы Тұрсын Маханұлы, «Берте Милка» кәсіпорнының құрылтайшысы, облыстық мәслихат депутаты Нұралы Әбішев, Сайрам аудандық қоғамдық кеңес төрағасы,

бар.

Актив соңында Ж.Түймебаев Елбасы Жолдауында атап көрсетілген мәселелерді негізге ала отырып, ең алдымен, оның тиісті деңгейде түсіндіріліп, БАҚ-та насихатталуын облыстық ішкі саясат басқармасына тапсырды. Насихаттау шаралары, сондай-ақ, облыстық білім, отбасы, балалар

шешу жолдарын қарастырып, нақты ұсыныс енгізуді тапсырса, облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасына «Бизнестің жол картасы» бағдарламасының қолдану мерзімінің 2025 жылға дейін ұзаруына орай, тиісті шараларды жүзеге асыруды міндеттеді. Облыстық ауыл

БІЛІМ САЛАСЫНДА - ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЯТЫН ЖАҢА ЖОБАЛАР

Түркістан облысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күшейтіледі және аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларына қойылатын жауапкершілік жоғарылайды. Бұл туралы бүгін Түркістан облысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау туралы мәжілісінде облыс әкімі Жансейіт Түймебаев мәлімдеді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік жағдайында дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты үстіміздегі жылдың қаңтарында Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Азаматтардың конституциялық құқықтарына кепілдікті нығайту, құқық үстемдігін қамтамасыз ету, құқық қорғау қызметін ізгілендіру жұмыстарын жалғастыру қажет» - деп атап көрсетілген. Өңір басшысы парақорлыққа, заңсыздыққа жол берген лауазымды тұлғаларға қатаң шара қолданылатынын айтып, қызметкерлеріне ескерту жасады. Мәжілісте Түркістан облысы әкімі аппараты мемлекеттік құқық бөлімінің басшысы Н.Ешенқұловтың баяндамасы тыңдалды. Ол Елбасы Жолдаулары мен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту міндеті жүктелгеніне

тоқталды.

Өңірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізіліп жатқанын тілге тиек етіп, бірқатар деректерді баяндады. Биыл 8 ай көлемінде облыста 170 сыбайлас жемқорлық дерегі тіркелсе, оның ішінде жергілікті атқарушы органдардың 25 мемлекеттік қызметкері сыбайлас жемқорлыққа қатысты айыпталған. Оның 18-і пара алу дерегімен жауапкершілікке тартылса, 4-еуі алаяқтыққа жол берген. Дегенмен, соңғы жылдары жергілікті атқарушы орган қызметкерлеріне қатысты сыбайлас жемқорлық фактілері төмендеп келеді. Мәселен, 2016 жылы 44 оқиға тіркелсе, 2017 жылы 40 оқиға тіркелген. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстардың басым бөлігі Сарыағаш, Сайрам және бұрынғы Мақтаарал ауданына тиесілі. Аудан әкімі аппараты қызметкерлеріне қатысты 7 оқиға тіркелсе, әкімдердің үстінен сыбайлас жемқорлыққа байланысты 6 дерек анықталған.

Атқарылған жұмыстарға қарамас-тан әсіресе, білім саласында жемқорлық деректері жиі кездесіп жатыр. Облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары А.Садықованың айтуынша, өңірде коррупцияның алдын алу үшін басқарма тарапынан

бірқатар қызметтерді цифрландыру шаралары қолға алынған. Мәселен, мектепке дейінгі білім беру ұяларына жолдама беру және кезекке қою автоматтандырылып, 12 мыңнан астам бала балабақшаға орналасқан. Яғни, адами фактор азайып, өтініштер электронды түрде реттелген. 902 орта мектеп mektep.sitcen.kz жүйесіне қосылып, оқушылар осы арқылы мектепке қабылданып жатыр. Бүгінде 53031 оқушы электронды түрде 1-сыныпқа қабылданған. Сонымен қатар, 902 білім ұясында jumys.sitcen.kz жүйесі енгізіліп, 2718 өтініш келіп түскен. Жүйе қызметі арқылы 321 мұғалім жұмысқа қабылданды. Қазіргі таңда жүйеде 652 бос жұмыс орны туралы мәлімет тұр. Енді ұстаздарға директорға немесе басқаларға жолықпай жұмысқа орналасу жүргізілуде.

Жиында жер қатынастары, мемлекеттік сатып алу саласындағы заңбұзушылықтар да талқыланып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі комиссияның жұмысын күшейту керектігі айтылды. Облыс әкімі Ж.Түймебаев басқарма басшыларының есебін тыңдап, елге шынайы отаншылдық сезіммен адал қызмет ету керектігін айтты.

Сыбайлас жемқорлық фактілері тіркелген әрі осы індетке қарсы тиісті дәрежеде қадағалау жүргізбеген лауазымды қызметкерлердің мәселесі қатаң қаралатын болады» деп, аудан, қала әкімдері мен басқарма басшыларына жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жөнінде тапсырма берді.

ТҮРКІСТАНДА «АДАЛ ҰРПАҚ» ЕРІКТІ МЕКТЕП КЛУБТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СЛЕТІ ӨТТІ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Түркістан облысы бойынша Департаменті мен Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен Түркістан қаласында «Адал ұрпақ» еріктілер клубтарының облыстық слеті өтті.

Жиынға облыстық білім беру ұйымының басшылары мен облыстың барлық 16 ауданынан келген 800-ден аса «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтарының мүшелері қатысты. Шараның мақсаты - жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оған қарсы тұруға дайын тұлғаларды тәрбиелеу.

Жиында сөз сөйлеген Департамент басшысы Ғалым Тұрсынбаев «Елдің ертеңі болашақ ұрпағымызды кішкентайынан отансүйгіштік-

ке, білім мен еңбекке ұмтылуға, адалдыққа тәрбиелеу парызымыз. Бұл сезімдер біздің халқымызда ежелден бар қасиет. Сондықтан әрбір ата-ана, әрбір ұстаз балалар үшін үлгі болуға, нағыз қастерлі қасиеттерді тандауға көмектесуі қажет» - деді.

Сондай-ақ, Ғ.Тұрсынбаев Білім басқармасымен бірлесіп ұйымдастырып отырған облыстық слетте барлық ұстаздарға оқушылардың бойына адалдық пен рухани байлықты дарытуда қосып жүрген еңбектері үшін алғыс білдіріп, балаларға жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыруда ата-аналары мен ұстаздарынан тиісті үлгі алу керектігіне шақырды.

Іс-шара барысында «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубтары, яғни 16 аудан оқушылары арасында шеру, флеш-моб, қолөнершілер көрмесі тағы басқа конкурстар өтіп, нәтижесімен жеңімпаздарға сыйлықтар мен грамоталар тапсырылды.

Қазақ Хандығының астанасы болған Созақ ауданы 1928 жылы қаңтар айында 6 болыс пен Жылыбұлақ қонысының негізінде құрылған. Аудан жерінің көпшілік бөлігін тасты-құмды шөлді жазық (Бетпақдала, Мойынқұм) алып жатыр. Оңтүстігі мен оңтүстік-батысын Қаратау жотасы, солтүстік-батысында Ащыкөл ойысы, Тамғалы соры, орталық бөлігінде Тамғалынұра қонысы, шығысында Сүмбешетарал қонысы мен сор жерлер орналасқан. Созақ ауданының ең биік жері - Бессаз деп аталады. Армения патшасы Бірінші Гектум 1254 жылы Монғолияға барған сапарында Қаратаудың солтүстік етегінде жатқан Саудакент, Шолақ-қорған, Созақ, Ақсүмбе сияқты қалалар мен елді мекендерінен өткендігін жазған. Біздің өңірді адамдар ерте мезолит пен неолит дәуірінде мекендегендігі жайлы мәліметтер Бүркітті өзені, ойтас сайы, Жуантөбе, Тасты ауылы маңдарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары кезінде анықталған. Созақ өз тарихында бірнеше хандықтың ордасы болған. Ұлы Жібек Жолының Теріскейдегі өте дамыған сауда орталығына айналған.

Осы өлкеде дүние есігін ашқан тарихымызда өзіндік орны бар тұлғалардың қатары көп. Жазушы Мұхтар Әуезовтің «Шаянға барсаңәншімін деме, Созаққа барсаң күйшімін деме» деген ұлағатты нақыл сөзі текке айтылмаған. Өйткені Созақ өңірі - қазақтың бағы мен тағдырының қиылысқан жері. Теріскейдің тоқсан жылдық мерйтойы қарсаңында аудан

-Құрметті Салыхан Сабырұлы, өзіңізге белгілі Елбасы Оңтүстік өңіріне аса көңіл бөледі. Оған дәлел жақында қабылдаған тарихи шешімдері. Атап айтқанда, Шымкент қаласы Республикалық статус алды. Түркістан облысы пайда болды. Созақ ауданы - Түркістан облысының қарамағына кірді. Осыған байланысты, Сіз басқарып отырған әкімдікте қандай өзгерістер мен жаңалықтар орын алып отыр?

- Ең біріншіден Түркістан қаласының облыс орталығы болуы қай жағынан алып қарасақ та дұрыс шешім. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Оңтүстік Қазақстан облы-

Тоқсан жылдық тарихы бар - Теріскей

сының орталығын Шымкенттен Түркістанға көшірілу жөніндегі шешімін жариялауы тек өңір жұртшылығын ғана емес, тұтас халқымызды қуанышқа бөледі.

Ұлық дініміздің таралуына, орнығуына өлшеусіз еңбек сіңірген рухани ұстаз Ахмет Яссауи еңбектері дүниеге келген киелі Түркістанға көшу - «Рухани жаңғыру» бағдарламасын орындау барысындағы үлкен тарихи өткел. Ұлы Жібек Жолы бойында орналасқан Түркістан - ежелден сауда-саттықтың ортасы, ынтымақтың ордасы. Сондықтан, Түркістанды облыс орталығына айналдыру - сөзсіз Елбасының ең бір ұтқыр шешімі.

Созақ ауданы қашанда Түркістанмен Қаратаудың екі бетін қатар жатқан көршілес аудан. Қаратаудың Түркістан беткейін Күнгей десе, Созақ ауданын Теріскей деп жатады. Ең біріншіден біз облыс орталығына жақындадық. Баяғыдай 200 км жол жүрмейміз. Таудан ассақ Түркістан. Жол екі есеге қысқарды. Сосын Түркістанға баратын тақтайдай асфальт жолымыз бар. Біздің жол арқылы Алматы, Тараз қалаларынан қатынауға да тиімді. Алдағы уақытта біз мұның тиімділігін көретін боламыз.

- Халықтың өмір сүру сапасын жақсарту туралы Елбасы тапсырмасына сәйкес, аудандағы автомобиль жолдарын жөндеу, азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету, коммуналдық мәселелердің шешімін табу қай деңгейде атқарылып жатыр?

- Аудандағы елді мекендер арасы бір-бірінен қашықта орналасқан. Сонымен бірге, өнеркәсіп кәсіпорындары облыстағы таукен өндірісінің негізгі өндірушілері болып табылады.

Бұған дейін де ауданда атқарылып жатқан жұмыстар аз емес еді, Созақтың сөнін келтіріп, заман талабына сай көркейту мақсатында біраз жобалар қолға алынды. Алдымен автомобиль жолдарын жөндеуді қолға алдық. Бүгінгі таңда Түркістан-Созақ тасжолының жұмысы толық аяқталды. Аудандық маңызы бар Қарабұлақ-Балдысу жолы аяқталды. Аудандық маңызы бар 79,4 шақырым, 457,8 шақырымы елді мекендердің ішкі жолдары толығымен асфальттанған.

Биылғы жылы 42 шақырымды құрайтын 32 көшеге қиыршық тас төсеп, орташа жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады. Сондай-ақ 10 көшеге асфальт төсеу жұмыстары жүргізілуде.

Аудан көлемінде тұрғын үй салуға жер алуға кезекте тұрған азаматтар жоқ. Дегенмен, Жеткеншек мөлтекауданында 120 гектарға инфрақұрылым тартылып, 350 жер учаскісі берілуде. Қазіргі таңда жер кодексіне сәйкес өтініш берген адамдарға веб портал арқылы, халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы жер телімдері берілуде. Сондай-ақ, Шолаққорған

- Жеткеншек бағытында 2 қабатты 14 үй салу жұмыстары қолға алынды. Президенттің бес әлеуметтік бастамасында айтылған бірінші «Әрбір отбасына баспана алудың жаңа мүмкіндіктерін беру» бастамасы бойынша, Шолаққорған ауылынан 10 пәтерлі 2 тұрғын үй, Созақ ауылынан 10 пәтерлі 1 тұрғын үй құрылысының жұмыстары басталды.

Дұрыс айтсаңыз, уран өндірісі негізінен біздің ауданның экономикасының күре тамыры. Мәселен, ауданда «Қазатомөнеркәсіп» акционерлік қоғамының ірілі-кішілі 9 кәсіпорны бар. Оларда 10 мыңға жуық адам жұмыс істесе, соның 7 мыңға жуығы Созақ ауданының азаматтары. Аудан бюджетінің 65-70 пайызын осы кәсіпорындардан түскен кіріс құрайды. 2000-шы жылдардың бас кезеңінде компанияның әлеуметтік саладағы қызметтерінің барлығы аудан әкімі мен «Қазатомөнеркәсіп» АҚ басшысы қол қойған меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын. Кейіннен келісімшарт облыс әкімімен жасалатын болды. Бұл үрдіс 2010 жылға дейін жалғасты. Әрбір үш жылда орта есеппен 1-1,5 млрд. теңгедей қаржы қаралып, негізінен мектеп, балабақша, спорт кешендері, емханалар салынып тұрды.

Соның арқасында ауданымыз бойынша «Инкай» бірлескен кәсіпорны Тайқоңырдан, «Катко» БК Шолаққорған, Тасты ауылдарынан балабақша құрылыстарын салды. Мерекелік шараларда, Жеңіс күні, қарттар күні, 8 Наурыз әйелдер мерекесінде сый сипаттар жасап тұрады. Тұрмысы төмен отбасыларға көмектеседі. Уран өндіретін компаниялар есебінен шағын спорт алаңшалары салынуда.

Біз қазір аудан экономикасын көтеру және инвесторларды көптеп тарту, олардың инфрақұрылым мәселесін мемлекеттік деңгейде шешу мақсатында ауданда жалпы алаңы 50 га жер телімін құрайтын индустриалды аймақ құрылған. Бүгінгі күнге дейін жалпы құны 1 млрд. 204 млн. тг құрайтын 5 жоба іске қосылып, жұмыс жүргізуде. 2018 жылдың 6 айында индустриалды аймақта 644,7 млн. теңге өнімі өндіріліп, аудандық бюджетке 41 млн. 300 мың теңге қаржы түсті.

-Аудан тарихының 1 тақырығына жақындаған тұсында тұрмыз. Облыстың экономика саласында бұл ауданның өзіндік орны бар. Өйткені, өзін өзі бюджеттік қамтамасыз етіп отырған Республикадағы бірден бір аудан екендігін білеміз. Осында тұратын халықтың әлеуметтік тұрмысы мен экономиканың өсу қарқыны қандай?

- Өрине, биыл Созақ ауданының құрылғанына 90 жыл. Яғни, 10 жылы кем 1 ғасыр. Осы аралықта Созақ ауданы талай зұлматты басынан өткізді. 1960 жылдары

40 шағын колхоздар бірігіп іріленген 10 сохвоз құрылды. Мал басы 1 млн дейін жетті. Ірі қара 20 000, түйе 3 000, жылқы 50 000 болды. Аудан негізінен аграрлы бағытта дамыды. Бірақ, республикада ең артта қалған 30 ауданның қатарында болды. Бүгін өздеріңіз көріп отырғандай аудан аграрлы индустриалды аудан. Мәселен, өткен жылдың қорытындысымен жергілікті бюджетке 6 млрд. 763 млн. 590 мың теңге қаржы түсіп, жоспар 108,5 пайызға орындалды.

Ағымдағы жылдың 7 айының қорытындысымен жергілікті бюджетке 3 млрд. 883 млн. 888 мың теңге қаржы түсіп, жоспар 103,7 пайызға орындалды. Өткен жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда 108,9% немесе 317 млн. 107 мың теңгеге артығымен орындалған. Жыл сайын өсу қарқыны байқалады.

- Елбасы биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келетіндігін айырықша атады. Сондай-ақ, Жолдауда көрсетілген басымдықтардың жүзеге асырылуына барлық әкімдіктердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету керектігі айтылды. Жүзеге асқан жұмыстың жүйесі туралы не дейсіз?

- Елбасының тапсырмасына байланысты қазіргі таңда барлық көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді электронды түрде алуға жұмыс жасаудамыз. Бұл бойынша аудандағы барлық ауылдық округтер мен кенттерде және білім беру ұйымдарында өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштары ашылып қызметтерді электронды түрде алуға мүмкіндік жасалуда.

Қазіргі таңда аудандық жергілікті атқарушы органдар тарапынан 96 қызмет түрі көрсетілуде. Үстіміздегі жылдың 7 айында халыққа 11 942 мемлекеттік қызмет ұсынылды.

-Созақ ауданы қазақстандықтарға киелі жерлерінің көптігімен де ерекшеленеді. Баба Түкті Шашты әзіз, Қарабура, Ақсүмбе секілді киелі орындардың өзі бір төбе. «Қасиетті Қазақстан» тізіміне Теріскейден қандай орындар еніп отыр? Ерекшелігі неде? Созақ ауданының 90 жылдық тарихымен байланысы қандай?

- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаң-



ғыру» атты бағдарламалық мақаласында жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымының ерекше маңыздылығын атап өтті. «Қазақстанның қасиетті жерлерінің географиясын жобасында» Созақ ауданында 5 жоба кіріп отыр. Олар: Ескі Созақ қалашығы, Баба түкті Шашты Әзіз, Қарабура, Хақназар хан кесенесі, Таңбалы тас. Олардың ерекшелігі - бұл біздің тарихымыз. Әр тарихи орынға қатысты көптеген аңыздар бар. 90 жылдық тойдың қарсаңында ақпарат құралдарының бетінде Созақтағы киелі орындар туралы көптеген материалдар жариялануға ықпал еттік.

-Теріскей жерінде туризмді дамытуға мүмкіндік көп. Мәселен, Бетпақтың сайын даласы мен Қызылкөлдің пайдалы тұстары, Қаратаудың қойнауы - қай жағынан алып қарасаңыз да тың жобалардың басталуын күтіп тұрғандай? Рухани жаңғырумен үндес тапқан жоспарлар бар ма?

- Облыс орталығы Түркістанға келген соң, бізде туризмді дамытуға үлкен мүмкіндік туып отыр. Жоғарыда айтып өткендей Созақ үлкен жолдың бойындағы аудан болғалы тұр. Ауданда тарихи мәдени нысандар да көп. Қызылкөлдің суы толған жағдайда, оның басында емдік демалыс орнын салу шаш етекпен пайда түсіреді. Міне, осының бәрін саралай келе алдағы уақытта туризмді дамыту бойыншада жұмыстар жүргізуді жоспарлап отырмыз. Ақсүмбе мәдени тарихи ескерткіші қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді де алдағы уақытта қолға аламыз. Күні кеше ғана Open Kazakhstan (Open Kazakhstan) жобасын ұсынып бір жігіттер келіп кетті. Олардың ниеттері, Созақ ауданындағы тарихи жерлерді насихаттап, туризмде дамыту бойынша ұсыныстары бар. Арнайы сайт ашып, соған Созақтағы тарихи мәдени ескерткіштерді енгізіп, оны 4 тілде қамтамасыз етеміз деп отыр. Бұл жоба ұнады. Біз алдағы уақытта осы бағыт бойынша жұмысты жандандыратын боламыз. Жылдағыдай емес, ақпарат құралдарына насихаттағаннан кейін биылда тарихи мәдени жерлерге келушілер саны арытты. Мұндағы киелі жерлердің бәрі біздің тарихымыз. Біз барынша насихаттауға, оларды дамытуға мүдделіміз.


-Маңызды сұхбаттарыңызға рахмет.

Әңгімелескен,



Алматы облысы

«НҰР ЖОЛЫ» ӨТКІЗУ ПУНКТИ АШЫЛДЫ



Алматы облысы Панфилов ауданында «Нұр жолы» автокөлік өткізу пункті мен заманауи көлік-логистикалық орталығының салтанатты ашылуы өтті. Жаңа өткізу пункті жүк және жеңіл автокөліктерді, сол сияқты жолаушылар автобусын Қытаймен шекарадан өткізуге арналған.

Шараға облыс әкімі Амандық Баталов, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары Қанат Баедилов, Қаржы министрілігі Мемлекеттік кіріс комитетінің төрағасы Ардақ Теңгебаев және басқа да мемлекеттік және

жеке құрылымдардың өкілдері қатысты. Жобаны ҚР Қаржы министрілігі мен ҚР Инвестиция және даму министрілігі «Евротранзит Терминал» ЖШС-мен бірлесіп мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде жүзеге асырды. Оған 70 млрд. теңгеге жуық инвестиция салынды. 2500 автокөлікке дейін өткізуге қабілетті, алаңы - 25 га.

Өткізу пунктінің ашылу салтанатында сөз сөйлеген облыс әкімі Амандық Баталов:

- Бүгін біз үшін тарихи сәт. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Нұрлы жол»

бағдарламасы шеңберінде жүзеге асырылып жатқан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» іргелі жобасының аяқталуы ретінде «Нұр жолы» жүк-жолаушылар өткізу пункті ашылып отыр. Бұл бағдарлама ҚХР-ның «Бір белдеу, бір жол» жобасымен тоғысып, Ұлы Жібек Жолының жаңа заманға сай жаңғыруына ықпал етуде. Бүгінгі ашылып отырған өткізу пункті ең жоғарғы әлемдік стандарттарға сай, екі жаққа күніне 2500 көлікке дейін өткізуге қауқарлы. Бұл өз кезегінде транзиттік лекті еселеп ұлғайтуға мүмкіндік береді. Осындай өткізу пункті бар ірі сауда дәлізінің іске қосылуы өңірдің инвестициялық мүмкіндіктерін одан әрі арттырып, облыс экономикасының дамуына жаңа серпін береді, - деді.

Мұнан соң ҚХР ШҰАР үкіметінің төрағасы Закир Шохрат сөз алып, бұл жобаның екі ел экономикасын дамытуға зор ықпал ететінін атап өтті.

Келесі кезекте Қазақстан-

ның Қаржы министрінің орынбасары Қанат Баедилов жаңа өткізу пункті «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» дәлізінің бас қақпасы болатынын айтып, «Нұр жолы» ең озық техникамен қамтамасыз етілгенін тілге тиек етті.

Бұдан кейін жүк көліктерінің легі символдық түрде жүріп өтіп, «Нұр жолы» өткізу пункті жұмысының басталғанын айқындап берді. Енді осы жаңа пункт арқылы мемлекетаралық тауар айналымы еселеп өсіп, Қазақстанның транзиттік әлеуеті арта түсетін болады.

Атап өтсек, жаңа өткізу пунктінің тәуліктік өткізу қабілетін 5000 көлік құралына дейін ұлғайтуға мүмкіндігі бар. Өткізу пунктінің аумағы екі бөлікке - жүк және жолаушы аумағына бөлінген. «Нұр жолы» өзінің техникалық жабдықтауы, көлік құралдарын өткізу жылдамдығы, енгізілген біріктірілген бақылау жүйесі жағынан әлемде теңдесі жоқ саналады. Сөйтіп орнатылған заманауи құралдар адами факторларды төмендеті отырып, жүк көліктерінің өту уақытын 40 минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді.

Қызылорда облысы

КЕЛЕР ЖЫЛЫ ПОШТА ҚЫЗМЕТІ ДРОН АРҚЫЛЫ ІСКЕ АСАТЫН БОЛАДЫ

Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында «Қазпошта» АҚ Қызылорда филиалының директоры Аида Әбибуллаева мәлімдеді, деп хабарлайды Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Аталған дронмен тез арада жетуі тиіс қажетті заттарды алыс-шалғай жерлерге жеткізу жоспарланып отыр.

- Бүгінде Қарағанды, Астана, Алматы облыстары бұл дрондар арқылы пошта сәлемдемелерін жеткізуде. Дрон 500 км дейін ұшады. Ол тек газет-журналдар ғана емес сондай-ақ, салмағы 5 килограммға дейінгі шағын сәлемдемелерді де жеткізуге қабілетті. Хат-хабарды автокөлікпен тасымалдауға шамамен 4 сағат уақыт жұмсалса, бұл аралықты дрон бар-жоғы 40 минутта еркін өңсереді. Ең бастысы – үнемді әрі қолайлы. Мұндай дрондарға ұсыныс берілді, 2019 жылға іске қосу жоспарланып отыр», - деді А. Әбибуллаева.

Павлодар облысы

ТЕК ҚАР ҒАНА ЖЕТІСПЕЙДІ...



Баянауыл ауданындағы Мырзашоқы тауының арқанжолы осы аптада тапсырылады. Бұл туралы тау шаңғы базасын жайластырумен айналысатын мердігер ұйым өкілдері облыстық әкімдікте өткен жиында айтты. Арқанжолдың өзірлігі туралы мәселені жиында Павлодар облысының әкімі Болат Бақауов спорттық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету тақырыбы аясында көтерді, деп хабарлайды Павлодар облысы әкімінің баспасөз қызметі. Анықтағандай, бір сағатта 600 адамды тасымалдайтын арқанжолда бүгінгі күні реттеу жұмыстары ғана жүріп жатыр.

– Ол үшін 3-4 күн жеткілікті, – деп мәлімдеді мамандандырылған компания басшысы Славенко Бадура. – Барлық жұмыстар аяқталғаннан кейін, база күніне 5 мың адам қабылдай алады. Шаңғышылар, сноубордшылардан бөлек, шана тебем деушілерге немесе қыдырып келушілерге де есігіміз ашық.

Сарапшы айтқандай, тау шаңғы инфрақұрылымын жайластыруда Мырзашоқы тауы жаңа бастаған спортшыларға, әсіресе туристерге таптырмас орын. Сол себепті бұл нысан қысқы туризмді дамытудағы Баянауыл ауданының алғашқы қарлығашы болуы мүмкін.

– Биылғы жылға бірінші тапсырмамыз – алғашқы қарды уақытылы жинап, трасса өзірлеуге кірісу, – деді аймақ басшысы.

Сондай-ақ кездесу барысында мектеп пен колледждердегі спорт залдарының қолжетімділігін талқылады. Бүгінгі күні ол жерлерде де сырттан келушілерге сағат кешкі 8-ге дейін алаңдар ұсынуға өзір. Алайда, Дене шынықтыру және спорт басқармасының мәліметінше аймақ тұрғындары 19-00 мен 22-00 аралығында да жабық алаңқайларды пайдаланғысы келеді екен. Облыс әкімі спортқа қызығушылардың барлығына жақын маңдағы оқу орнының залдарында футбол мен волейбол ойнау мүмкіндігін қарастыруды тапсырды.

Атырау облысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ВИДЕОҚОНЫРАУ АРҚЫЛЫ АЛУҒА БОЛАДЫ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы CISCO компаниясымен бірге мемлекеттік қызметтерді қашықтықта онлайн тәртіпте ұсыну жобасын жасады. Енді 20 мемлекеттік қызметті видеобайланыс арқылы алуға болады, деп хабарлайды Атырау облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Желілік технологиялар видеоқонырау арқылы 1414 бірінші байланыс орталығына хабарласып, қызметтерді алуға өтінім жасауға мүмкіндік береді. Осы жоба арқылы бірқатар ақпараттық анықтамаларға – мекенжай, соттылықтың бар-жоғы, зейнетақы төлемдері, тіркелген құқықтар, жылжымайтын мүліктің бар-жоғы туралы және тағы басқа да анықтамаларға қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, видеоқонырау арқылы электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алуға өтінім беріп, мобильді азаматтар базасына тіркелуге болады.

Пилоттық жоба Астана қаласында – Сығанақ көшесі, 29 үйде орналасқан «Жилстройбанк» бөлімінде, «Қазпошта» цифрлық бөлімдерінде, Бейбітшілік көшесі, 25 үйде орналасқан жұмыспен қамту орталығында,



сондай-ақ Алматы қаласындағы «Мега парк» сауда үйінде іске қосылды. Жуырда Мәскеудегі Қазақстан Республикасының елшілігінде және

Қызметтер тізімі:

1. БЖЗҚ салымшысы қаражатының түсуі және қозғалысы туралы ақпарат беру
2. Тұрғылықты жерінен мекен-жай анықтамаларын беру
3. Бас Прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша мәлімет беру
4. МГОВта тіркелу
5. Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтарды) туралы анықтама беру

6. Жылжымайтын мүліктің болмауы (болуы) туралы анықтама беру

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық куәландырушы орталығының тіркеу куәліктерін беру және кері қайтару (ЭЦҚ растау)

8. Жеке қосалқы шаруашылықтың болуы туралы анықтама беру

9. Тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы анықтама беру

10. Заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы анықтама беру

11. Жеке тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы анықтама беру

12. Заңды тұлғаны әрекетсіз заңды тұлға деп немесе оның қатысушыларын әрекетсіз заңды тұлғаларға қатысы бар деп тану туралы анықтама беру

13. Заңды тұлғаның барлық тіркелген әрекеттері туралы анықтама беру

14. Көрсетілген мерзімге заңды тұлғаның тіркелгені туралы анықтама беру

15. Құрылтай құжаттарына соңғы толықтырулар мен өзгерістердің енгізілгені туралы анықтама беру

16. Заңды тұлғаның үлесіне салынған ауыртпалықтар (тыйым салу) туралы анықтама беру

17. Заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) туралы, олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама беру

18. ЭЦҚ алуға өтінім беру



Өңірдегі 55 мыңнан астам мұғалімді төл мерекемен құттықтап, салтанатты шараны ашып берген облыс әкімі Жансейіт Түймебаев ұстаздар қауымының болашақ ұрпағымызды оқытып, тәрбиелеудегі рөлінің маңызы зор екенін айтты.

“Бүгінгі төл мерекелеріңіз ерекше уақытта, Елбасының Қазақстан халқына арнаған жаңа Жолдауымен қатар, жаңадан Түркістан облысы болып құрылған кезеңде өтуде. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты кешегі Жолдауында халықты баспанамен қамтамасыз ету, денсаулық сақтау, білім мен ғылымды дамыту, оны қаржыландыруды жалпыұлттық өнімнің 10 пайызына дейін жеткізу, полиция мен сот жүйесін, мемлекеттік басқаруды жетілдіру, аталған салалардағы қызметкерлердің кәсіби білік-

тілігі мен әлеуметтік қорғалуын арттыру секілді көптеген маңызды мәселелерді қозғап, алда атқарылуы тиіс міндеттерді айқындап берді. Сонымен қатар, Елбасы Жолдауда білім саласына аса назар аударып, сыбайлас жемқорлықтың төуекелділігі кемімей, педагогтарды және қызметкерлерді жұмысқа қабылдауда келеңсіз жағдайлардың орын алып отырғандығын атап өтті”, - деді Ж.Түймебаев.

Сонымен бірге, салтанатты басқосуда аймағымыздағы 5 ардагер ұстаз бен 20 мұғалім облыс әкімінің “Алғыс хатымен” марапатталды. Ал Қазығұрт ауданы, Ж.Қаппаров атындағы №5 облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернатының ұжымына құны 20 млн. теңге болатын “Орта білім беретін үздік ұйымы” гранты табысталды.

Мерекелік жүздесуде бір-

Ұстаздар КҮНІ МЕРЕКЕСІ АТАЛЫП ӨТТІ

Антаның алғашқы күні Түркістан облысында Ұстаздар күні мерекесі аталып өтті. Облыстағы аудан, қала әкімдіктеріне онлайн режимінде қосылған жиынға 500-ден астам озат ұстаз тікелей қатысуға мүмкіндік алды.

қатар ардагер ұстаздар мінберге шығып, педагогтар қауымын кәсіби мерекемен құттықтады.

рында жүлдегер атанды.

Өңіріміз соңғы үш жылда математика және жаратылыс-

тындысы бойынша білім ұйымдарының жыл сайын 100-дігі анықталып, марапатталады. Биыл солардың қатарына облысымыздың төрт орта білім беру ұйымы еніп отыр. Атап айтсақ, олар — Түркістан қаласы, Н.Некрасов атындағы №9 мектеп-гимназиясы мен Кентау қаласындағы «Яссауи» және «Иқан» жалпы орта мектептері. Бүгінгі күні, Түркістан об-



Жалпы, соңғы жылдары облыс оқушыларының білімге деген ынтасы артып келеді. Биылдың өзінде дарынды оқушыларымыз халықаралық және республикалық деңгейдегі 100 – ден астам білім сайыста-

тану бағытындағы пәндерден республикалық олимпиадаларда «Ең үздік олимпиадалық командасы» атағы мен ІІ, ІІІ жүлделі орындарды иеленуде.

Республикалық олимпиада және ғылыми жобалар қоры-

лысында жұмысқа қабылдау jumys.sitcen.kz порталы арқылы электронды түрде жүргізілуде. Осы жаңа форматта қабылдау жүйесі әрі қарай жалғастырылып, ашық, жариялы түрде іске асырылады.

Ғабидолла ӘБДІРАХЫМОВ:

ШЫМКЕНТ ЖАСТАРЫ АБЫРОЙЛАРЫҢЫЗДЫ АСҚАҚТАТА БЕРСІН



Шымкенттік педагогтардың құрметіне «Rixos Khadisha Shymkent» қонақ үйінде мерекелік дастархан жайылды. Салтанатты іс-шараға қала әкімі Ф.Әбдірахымов қатысып, ұлағатты ұстаздарды

кәсіби мерекесімен құттықтады.

Сөзін “Менің анам да мұғалім болып еңбек етті” деп бастаған шаһар басшысы мәртебелі мамандық иелеріне алғыс айтып, алдағы жылы Елбасы Жолдауы-

на байланысты зор бастамалар күтіп тұрғанына және келер жыл ұстаздар қауымы үшін табысты болатынына тоқталды.

– Біз - біртұтас қоғамбыз. Миллионды қаламен бірге дамып, өсіп өркендейтін шаһардың тұрғындарымыз. Өртүрлі салаға бөлініп қызмет етсек те, көтерген жүгіміз бір, мақсаты айқын бір ұжымбыз. Шымкент қаласын дамыту бағытында бөріміз бірге жұмыс істейік. Сіздер білім беріп, тәрбиелеген Шымкент жастары Қазақстан халқына қызмет етіп, абыройларыңызды асқақта-та берсін! - деді әкім.

Ғабидолла Рахматоллаұлы салтанатты іс-шарада бірқатар ұстазға Қазақстан Республикасының “Білім беру ісінің құрметті қызметкері”, сондай-ақ, ҚР Ы.Алтынсарин атындағы төсбелілерін тағып, Алғыс хат тапсырды.

“Нұр Отан” партиясының қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бахадыр Нарымбетов өз құттықтауын жеткізсе, қалалық білім басқармасының басшысы Ақерке Абылайхан бірқатар мұғалімдерге Шымкент қаласы әкімінің тапсырмасымен қолға алынған жоба аясында баспана құнын субсидиялау сертификаттарын тапсырды. Енді пәтер бағасының бастапқы жарнасының 10%-ын жинап үлгерген ұстаздардың қалалық бюджеттен бөлінетін 10% субсидияны пайдалана отырып, жақын күнде қоныс тойын тойлауға мүмкіндіктері бар.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ - БОЛАШАҚТЫҢ КЕПІЛІ

Мемлекет басшысы өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауындағы жетінші бағыты адами капиталға арналып отыр. Ұлт Көшбасшысы осыған дейінгі де Жолдауларында білім сапасын жақсартуға нақты бағыт пен тапсырмалар беріп, назарынан тыс қалдырмаған.

Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болуда. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми-педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі – жастарға терең білім беру. Ал, оның негізі техникалық және кәсіптік білім берудің оқыту үрдісін жақсартуға жаңа технологияларды енгізу болып табылады. Оқу тәрбие үрдісіне жаңа инновациялық әдіс тәсілдерді енгізу оқушылардың білімге деген қызығушылығын, талпынысын арттырып, өз бетімен ізденуге шығармашылық еңбек етуге жол

салады. Оқушылар терең де жүйелі білім және әдістемелік тәсілдерді жетік меңгерген болуы тиіс. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс – тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Қоғам дамыған сайын, барлық құрылым бірге дамиды.

Қазіргі заман талабына келсек, ұстаз алдында тұрған жүк ауыр десек те болады. Оның қызметін тұтастай адамтану ғылымы деп алсақ, бұл ғылым адамның күрделі де қызықты, шым-шытырғы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу шеберлігімен көрінеді.

Ұстаздың жан-жақтылығы, үнемі ізденіс пен шығармашылық жолындағы талабының болуы шәкірт жүрегіне бірден-бір жол салады.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің алтын-ұясынан алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Айнұр БАЙГУНАКОВА,
№65 мектеп-гимназиясының
орыс тілі және
әдебиет пәнінің мұғалімі.



Қоғамға қажетті дүниені қайдан алу керектігін бізге қазіргі таңдағы іскерлігі мол, біліммен сусындаған, жан - жақты идеясын асыра білетін, қоғамның жаршысына айналған тұлғаны айтуға болары хақ. Осындай тұлғаның бірі Шымкент қаласының тумасы, Шымкент аграрлық колледжінің директоры, Нұр Отан партиясы «Өркениет» бастауыш партиясы ұйымының төрағасы Бекбергенова Гаухар Алпысбайқызы.



Ынтымақтастық пен іскерлікті ту еткен тұлға

Бүгінгі таңда, Нұр Отан партиясы «Өркениет» бастауыш партиясы ұйымының бастамасымен колледжде айтарлықтай жұмыстар жүргізіліп жатыр. «Жас келсе-іске» дегендей, қазіргі заманғы бөсекеге қабілетті, саяси жүйесі бар, экономикалық мықты, демократиялық, зайырлы мемлекет құруға қол жеткізу үшін аянбай еңбек етуде.

Нұр Отан партиясы «Өркениет» бастауыш партиясы ұйымының бастамасымен түрлі іс-шаралар жүзеге асырылып отыр. Нұр Отан партиясы төрағасы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жыл сайынғы Қазақстан Халқына Жолдауларын, партияның бағдарламалық құжаттарын халық арасында кеңінен насихаттап түсіндіруге ерекше маңыз беруде. Бастауыш партия ұйымдарының басты бағыттарының бірі – «Нұр Отан» партиясының қолға алған іргелі жобалары мен бағдарламаларын қалың жұртшылық арасында кеңінен насихаттау, бас партияның идеологиялық қызметін одан әрі жетілдіру болып табылады. «Нұр Отан» партиясының ОҚОФ саяси кеңес мүшелерінің қатысуымен Шымкент қаласы, Тассай елді мекенінде жиын өткізіліп отырғанын да тілге тиек етсек болады. «Нұр Отан» партиясының құрылған күніне орайластырып «Өркениет» бастауыш ұйымы құрылып, ұйымының төрағасы болып Шымкент аграрлық колледжінің директоры Бекбергенова Гаухар Алпысбайқызы сайланды.

Өркениет бастауыш партия ұйымы Шымкент қаласы Тассай тұрғын алабында құрылып, өз қатарына осы шағын ауданда орналасқан еңбек ұжымдарын, олардың қатарында жалпы орта мектептер, 2 жоғарғы оқу орнын, «Қызылсай» теміржол станциясы және бірнеше ЖШС-дегі 205 астам партия мүшелерін біріктіріп отыр. «Нұр Отан» партиясы Саяси Кеңесінің 2017 жылы қараша айында өткен мәжілісінде, партия жұмысын жаңғыртуға айрықша

көңіл бөлінгені өздеріңізге мәлім. Осы ретте, бастауыш партия ұйымының жұмысын жаңа сатыға, жаңа форматқа көшіруге кірістік.

Өткізілетін сан – салалық іс-шаралардың баршасының нақты мақсатты көздеп, көпшіліктің көкейінен шығатын, әсерлі де мазмұнды болуына ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, Елбасымыздың биылғы жылғы Жолдауына және партияның IT – класстар ашу жобасына орай бастауыш партия ұйымының бастамасымен Шымкент Аграрлық колледжінде арнайы IT- класс ашылып, «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын негізге ала отырып колледж қызметкерлеріне арналған 72 сағат көлеміндегі «Дербес компьютер операторы» курсы ұйымдастырылды.

Курста «E-gov» электронды үкімет веб-порталы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі және құжат айналымын цифрландыру, мұғалімдерді жаңа форматта сабақ жүргізу үшін ақпараттық технологияларды жетік меңгертуге үйретіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша да жұмыстар жүргізілуде.

Жастар үшін «START-UP» жобасы іске асырылды. Жастарды кәсіпкерлікке үйретуді көздейтін стартап жобасын қолдау мақсатында бизнес инкубатор ашылды. Мақсаты – білім алушылардың инновациялық және кәсіпкерлік әлеуетін арттыруға жәрдемдесу, шағын және орта бизнес кәсіпорындарының жұмысымен тікелей таныстыру арқылы жас кәсіпкерлердің біліктілігін арттыру.

Бастауыш партия ұйымының мүшесі Тәжібаев Марат Абдімажитұлы «Бал текстиль» шет елдік мамандарды тарту арқылы колледж студенттерінің білімін жетілдіру. Оқу орнында

«Агроөнеркәсіп кешенін дамытуда фермерлер мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының рөлі» тақырыбында Түркістан облысы фермерлерінің форумы болып өтті. Форумның негіз-

гі мақсаты – ауыл шаруашылық саласын жаңғырту, аграрлық білім, ғылым мен өндіріс интеграциясын дамыту арқылы агроөнеркәсіптік кешенде бөсекеге қабілетті маман даярлауда техникалық және кәсіптік білім берудің маңызын айқындау. Әуелі форумға қатысушылар колледждің оқу өндірістік базасының жұмысымен танысты.

«Өркениет» бастауыш партия ұйымының бастамасымен Шымкент аграрлық колледжінде 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай мерекелік іс-шаралар өткізілді. Партия мүшелері «Қайырымдылық – ізгіліктің

бастамасын қолдау мақсатында студенттер үйінде кемелді жұмыстар атқарылуда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Жарлығымен шілденің алғашқы жексенбісі Ұлттық домбыра күні болып белгіленді. Қазақтың бойтұмары, ұлттық руханияттың мәйегі саналатын домбыра қай қазақтың да жанына жақын. Ол – тар жол, тайғақ кешу жолдарын бастан өткерген қазақ тарихын парақтауға негіз бола алды. Ұлтымыздың болмысына кұә болған әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрлеріне жан бітіріп, оның құнды қалпын сақтауға тірек болғанын жақсы білеміз. Шымкент аграрлық кол-

леджінің басшысы Г.Бекбергенованың бастамасымен ұйымдастырылған «Домбра-PARTY» іс-шараның негізгі мақсаттарының бірі жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу, домбыра аспабын кәсіби деңгейде меңгерулеріне мүмкіндік жасауда.

Сондай-ақ, «Кәсіпкерлікке баулу- көпке ортақ іс», «Нұр Отан» партиясы «Өркениет» бастауыш партия ұйымының бастамасымен Шымкент аграрлық колледжінің жастары Шымкент қалалық Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Әлем БТ» ЖШС-де экскурсиялық саяхат жасалды. «Оңтүстік» экономикалық аймаққа келудегі негізгі мақсат: кәсіптік білім алып отырған білім алушыларды кәсіпкерлікке баулу. Қазіргі таңда жан-жақты маман даярлау олардың әлеуметтік, кәсіптік, өздік жұмыс жасай алу қабілеттерін дамытумен белгіленеді. Елбасы өз Жолдауында халықтың кәсібін ашып жұмыс табуына мемлекет тарапынан қолдауды күшейтуге үлкен мән берген. Колледж білім алушылары бөсекеге қабілетті, болашақта табысты, өз ісінің мықты маманы болып қалыптасуы үшін ең бастысы кәсіпкер біліммен қарулануы тиіс екенін де айта өткен жөн.

Міне, бүгінгі таңда Партия мүшелерінің саны ұдайы өсіп келеді, бұл еліміздің Президенті, біздің партия Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың бағытын қолдаушылар санының көбейіп жатқанын куәландырып отыр. Бұны біз Елбасының жүргізіп жатқан саясатының мықты тірегі болу үшін жасаған қамы деп қабылдаймыз. Оның дәлелі ретінде «Нұр Отан» партиясы «Өркениет» бастауыш партия ұйымының қолдап отырған бастамаларының бірі «Білім алушыларға ақысыз IT-сынып ашу» жобасы Елімізде жүргізіліп отырған саясатқа сай Биылғы жылдың негізгі бастамасы да өзгеше қарқынмен бастау алды десек артықтық болмас, колледжде білім алушыларға білім алуға барлық жағдай жасалып отыр. Сонымен бірге

қазіргі уақыт талабынан туындап отырған көптеген игі іс-шаралар оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуде. Ағымдағы жылы колледжде тағы бір жаңаша бастама қолға алынып, «Робототехника» үйірмесі ашылды. Мақсаты- оқыту мен білім беруді заман талабына сай жаңғырта отырып, білім беру сапасын арттыруды қамтамасыз ету және студенттерді ғылымға баулу. Үйірмеге колледж білім алушылары мен Тассай елді-мекенінің тұрғындары қатысады. Үйірме кластары материалдық-техникалық құралдармен, құрастыратын роботконструкторлармен жабдықталуда. Үйірме ісін жақсарту жолында жоспарлы түрде тәжірибе алмасу үшін өзге орталықтармен кездесу ұйымдастырып отырады.

2018 жылдың 21 –нші қыркүйегінде тәжірибе алмасу мақсатында Шымкент аграрлық колледжінде «ROBO PARK» техникалық оқу орталығы мастер-класс өткізді. Мастер класты Техникалық оқу орталығының информатика пәнінің оқытушысы және директоры Әлібеков Абзал Қалдыбайұлы өткізді. Бұл мастер-кластың мақсаты практикалық тәжірибе алу, инженерлік, нұсқаушы, шығармашылық идеяларды жүзеге асыруға және өз потенциалын ашуға мүмкіндік берсе, ендігі Дуальді оқыту-кәсіптік білім берудің басты жолы негізінде «Нұр Отан» партиясы «Өркениет» бастауыш партия ұйымының төрағасы Г.Бекбергенованың бастамасымен Шымкент аграрлық колледжі мен «Globus plus» ЖШС кәсіби ынтымақтастық аясын кеңейту мақсатындағы іскерлік кездесу болды. Кездесу барысында дуальді оқу жүйесі бойынша ұлттық модельді қалыптастыру, ел экономикасының инновациялық дамуы үшін кадр дайындау мәселелері бойынша әлеуметтік өріпестікті дамыту мәселелері қамтылды.

Сонымен қатар заманауи құрал-жабдықтары мен өндірістік зертханалары, қоймалары бар, өнім өндіру барысында қолданылатын жаңа технологиялармен жұмыс жасайтын «Globus plus» ЖШС консерві зауытында жүрген 1222000-«Консервілер мен концентраттар өндірісі» мамандығы бойынша білім алушылардың оқу практикасының өту барысымен колледж басшылары танысты.

«Globus plus» ЖШС бас директоры Ерубайев Талғат пен колледж директоры Г.Бекбергенова ауылшаруашылығы саласының кадрларын даярлау бойынша бірлесе жұмыс жүргізу үшін келісімге келді. Мекеме басшысы 1222000-«Консервілер мен концентраттар өндірісі» мамандығы бойынша білім алушыларды жұмыспен қамтамасыз етуге даяр екендігін атап өтті.

Бір сөзбен айтқанда, сан салалы жұмыстарды назарда ұстап, шешімін табуына ұласатын, шешімін табуды ұдайы назарда ұстап отыратын боламыз. «Өркениет» бастауыш партия ұйымы алдағы уақытта өз жұмысын қалың жұртшылық арасында белсенді атқара беретін болады. Ең бастысы, біз ел сенген, ел сенім артқан Көшбасшы партияның мерейін арттыруға тиіспіз. Партиямыз тұғырлы, елдігіміз ғұмырлы болсын!

Рахымжан АЙТҚҰЛ,

Шымкент аграрлық колледжі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Қаладағы беделді азаматтардың бірі Аюбай Құраловпен кездесіп қалдым. Профессор. Бірнеше жазған еңбектері кітап болып шыққан. Қазақтың дәстүр-салтын терең зерттеп жүрген ғалым. Күн жексенбі. 2017-жыл. Қаңтар айы еді. Тәуекхан даңғылы мен Ж.Төшенов көшесінің қиылысында кездесіп қалдық.

- Профессор көке! - дедім мен.
- Жазушы інім, хал қалай?
- Аман-есен!
- Осы айтпақшы, Левитанның аты жөні кім?
- Юрий Борисович Левитан!
- Даусын естімегелі көп болды. Өмірден өтті. Радиодан үні естілгенде бала едік. Не деген талант! - деді профессор.
- 19 жасында радиодан сөйлеген. И.В.Сталин оны құрметтеп өтіпті. Бірақ, екеуі кездеспепті!
- Әнуар Байжанбаевтың да

Шымкент шаһары таланттардың Алтын Ордасы деп айтуға да болады. Қазақтың айтыс өнерін дамытып өзіндік қолтаңбасы бар ақын қызы Ақмарал Леубаева Шымкент шаһарында тұрды.

Ақмарал біз үшін аты аңызға айналған қазақтың қызы. Ақын Сара Тастанбекқызының артынан ілескен ізбасарлары. Бірде Ақмарал менен жөн сұрады.

- Сөке! Сіз ақын Сараның ауылының жігіті екенсіз ғой! - деді ол.
- Иә!
- Сара туралы не білесіз?
- Қызы едім Тастанбектің атым Сара.
Ішінен ер Қатағай шықтым дара,
Он үште домбыра алып сөз сөйлегем.
Келемін бір сүрінбей жалғыз қара! - деп Ақмаралға Сараның өлеңін айтып бердім...
Ақмарал риза болды. Айтыс

-Өке!

- Не айтасың?
- Сіз Асанбай Асқаровты танысыз ба? - дедім.
- Иә. Бұл бір оқиға. Ол кезде Алматы облысын Асанбай басқаратын еді. Ақсу ауданын Мансұров, онан кейін Тұрсын Махметов басқарды Асанбай Ақсу ауданына келді. Үлкен жиын өткізді. Орта бойлы, қараторы келбетті жігіт екен. Сөзі өте мағыналы әрі мазмұнды шықты. Бұрын Жамбыл облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып еңбек етіпті. Асқаров менің кеудеме Ленин орденін тақты.
- Лияс Жансүгіровтың інісі. Әрі туысқаны. Бір ауылдың азаматтары! - деді аудан басшысы Тұрсын Махметов. Мен толқып тұрмын.
- Лияс ағамыз қазақ өлеңінің құлагері. Сіз де атақты жылқышы болдыңыз. Құлагерлерді өсіре беріңіз еңбекте! - деді Асқаров.

кен мүдде.

Атақты саясаткер Уинстон Черчилль айтқан екен:
- «Ұлыбританияның мәңгілік досы жоқ, мәңгілік мүдделері ғана бар» - деп.
Біздің Қазақстан Ресеймен Қытаймен шектесіп жатыр. Орталық Азияның кіндігіміз. Жеріміз көп.
Менделеев таблицаларының бәрі біздің жерден табылады. Сол үшін Қазақстанның да әлемдік экономикалық саясатта өз мүддесі бар!» - деді профессор көкем.
- Ел басқару саясаттың төресі ғой! - дедім мен.
- Ей Серік - жан. Кім басшы болғысы келмейді.
Абайдың 45-қара сөзін

дон, Осоко, Калифорния сияқты қала бола ма? - деді студент Жұлдыз Маханова.

- Шымкент шығыстағы ең сұлу қала болады. Оны сендер тамашалайсыңдар! - дедім.
- Сіз ше?
- Біз қартайдық. Келешек сендердікі Жұлдыз! - дедім ***

Күн жаңбырлы. Екі күннен бері ауа райы бұзылды.
Жер көктеп, шөптер шыға бастады.
Өз-өзімнен ойға беріліп келе жатыр едім:
-Сөке! - деген дауыс естілді.
Қарсы алдымда Болат Әлімбетов тұр. Інішек еді.
- Өмекең шақырып жатыр! - деді ол.

ШЫМКЕНТ

ежірелі қала...

(ӘССЕ)

даусы ерекше естілетін еді. Қазір бәрі майдаланып барады! - деді профессор Аюбай Құралов.
- Ғасыр адамдары! - дедім мен.
- Иә.. Бәрі жұмбақ! - деді ол, басын шайқады.
Күн суық. Ол кісі «Жеңіс саябағына» қарай.. Мен «Қырғы базарға» қарай бет алдық...

19 қыркүйек. 2018 жыл.
Телеэкраннан кешкі жаңалықтарды көрсете бастады.
- Қазақстан Республикасы Сенатының Төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгін Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ұлықбек Есдәулетовты қабылдады!

Көңілім өсті. Қуандым.
Далаға шығып, ерсілі-қарсылы көршім Үсен екеуіміз жүрдік. Күн салқын. Шымкент кеші.

- Сөке! Сіз КазГУ-де кімдермен бірге оқыдыңыз? Сіз өлең жазасыз ба? - деп Үсен сұрақ қойды.. Ұялып кеттім.

- Көп жігіттер! 40 жыл өтті оқу бітіргелі! - дедім мен.

- Бүгін Тоқаев ақын Ұлықбекті қабылдады. Телеэкраннан көрсетті! - деді Үсен...
Өткен шақ ойыма оралады. 1973-1974 жылдары Ұлықбек екеуіміз бір бөлмеде тұрдық. Студенттік шақ. Төрегелді Байтасов, Ұлықбек Есдәулетов үшеуіміз Құман Тастанбековке дипломымызды жуған едік. 1977 жылы.

- Серік! Ертең емтихан. Қожакеев алады. Сабақ оқиық! - деген Ұлықбектің үні естілгендей болды...

Көршім Үсен әңгіме айтып келеді екен. Өз-өзіне мәз. Мен достарымды ойлаймын. Үсен күледі. Мен өткен жастық кезімді ойлап күрсінемін.

өнері ақынға жауапкершілік жүктейді. Ақмарал айтысатын —оған қарсы домбырасына үкі тағып шығатын бүгінгі таңдағы Біржан салды кезіктіре алмадым. Көкшетаудан Біржан сал Сараны іздеп Жетісуға барды. Ал менің Ақмарал қарындасымды іздеп Шымкент шаһарына бір ақын келеді деп үміттемін.

...1978 жыл. Қараша айы. Күн суық. Ебінің желі ысқырып соғады. Матай станциясынан түсіп, Үлгілі ауылына қарай жолға шықтым. Үлгілі шағын ауыл. Мамыр айы. Бұйрат-бұйрат қалың құм жоталары ұйысып жатады. Бұл менің ауылым. Илияс Жансүгіров туған жер. Қайнар деген елміз. Ағайын-туысқандар осы шағын ауылда ғана тұрады. Әкем Жақабыл Жанәбілов қос Ленин орденді жылқышы, облыстық мәслихатының депутаты. Атақты, әрі беделді адам. Орта бойлы, жалпақ мұрын, қара сұр кісі. Илияс Жансүгіровке туысқан. Әкем үйде екен. Бибісара апам ауырып жатыр.

- Жол болсын! - деді әкем.
- Шымкентте жүрмін! - дедім мен.

- Бар. Қазақтың қайнаған астанасы. Мен өзім ол жақта болмаған едім. Қазір облысты Асанбай Асқаров басқарады. Мені жақсы біледі. Бірақ ол кісіні танымын деп ешкімге сыр ашпа! - деді әкем.

Бибісара апам жөтеліп жатыр. Бір кезде дауыс шығарып:

- Сен Серікті қайда жібермексің? Қайда? Алматыда жүре берсін.

-Тындама апанды! Сен Шымкентке барған соң, саған хат жазып жіберемін! - деді әкем.

Асқаров Ақсуға келгенде мен шақыртып әңгімелесетін еді. Өзі Мерке ауданы Жамбыл облысының тумасы екен. Меркеде Илияс Жансүгіровтың әйелі Фатима Ғабитова бала-шағасымен айдауда болыпты. Мұны маған Асанбай Асқаров айтты. Ол Илиястың «Жетісу суреттері», «Күйші», «Құлагер» поэмаларын аса жоғары бағалады. Біз туысқан болып кеттік. Алматыға барсам Асанбайды іздеп баратын едім. Асанбай азамат адам! - деді әкем Жақабыл.

- Серік қайда барады! - деді анам Бибісара.
- Шымкентке!
- Серік қайда барады! - деді әкем Жақабыл.
- Шымкентке!
- Серік жетім өсті? - деді апам.
- Серік өзімнің балам. Өз қаным деді Жақабыл көкем.
- Аман бол, Серігім - деді Бибісара апам.
- Ел көреді. Жер таниды. Алматыда не бар? Серік Шымкентке барады! - деді көкем.

Шымкент қаласында елге белгілі тарихшы, профессор Серікбай Бершімбаевпен көп әңгімелестім. 85-жасында өмірден озды. Өмірден көргені көп кісі еді. В.И.Ленин, И.В.Сталин еңбектерін бақайшағына дейін талқылап береді.

- Көке! Қазақстанның болашағы қалай болады? - деп сұрадым.

- Елді Нұрсұлтан Әбішұлы басқарып отыр. Комсомол, партия мектептерінен сұра? - деген мақал бар.

Елбасымыз көп оқыған. Көп көрген адам. Дүние жүзінің саясаткерлерімен кездесті. Алматыдан Ақмолаға астананы көшірді. Бұл үлкен саясат. Ұл-

оқышы. Әркім әлін білу керек. Сен өзіңнің отбасың бар ғой! - деді профессор.

- Бар!
- Қанша жан?
- 6-жанбыз!
- Басқара аласың ба?
- Асырау қиын. Балаларды оқыту керек. Үйлендіру бар?
- Мемлекет те солай? - деді профессор...

Шымкент шаһарының мегаполис болғанын естігенде Астанада тұратын журналист Бекен Шоланов алғашқылардың бірі болып құттықтады.

Қазақстан Республикасының әкімшілік - аймақтық құрылым туралы 1993 жылғы 8-желтоқсандағы Заңының 3-бабында «Республикалық маңызы бар қалаларға ерекше мемлекеттік маңызы бар немесе тұрғындарының саны миллион адамнан асатын елді мекендер жатады?» - деп көрсетілген.

Бұл Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың тарихи шешімі. Отбасымызбен қуандық. 7-нөмере бар. Олардың болашағын ойлады.

Шымкент тау бөктерлеріне жақын орналасқан ғажала. Қазығұрт тауы көрініп тұрады. Қалаға ерекше еңбек сіңірген азаматтар көп болды. Соның ішінде Асқар Исабекұлы Мырзахметовты ел ерекше құрметтейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен облыс әкімі Асқар Исабекұлы Мырзахметов Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды... Елге сіңірген еңбегі үшін...

- Ата! Қаламыз Токио, Лон-

Орта бойлы, аққұба, өңді, пысық жігіт болатын. Шымкент қалалық мәслихатының депутаты. Туған жері Алматы облысы, Қарасай ауданы. Өзі Шымкент қаласында тұрады. Әйелінің аты Шолпан. Баласы Дархан...

Өмірзақ Мелдехановқа алып барды. Орта бойлы, қара торы жігіт. Облыстық мәслихатының депутаты. Өте беделді жігіт.

- Сөке! Ертең Түркістан қаласындағы темір жол вокзалына тақтайша ілмекшіміз. Қала әкімі Мұхит Әлиевке айтылды! - деді Өмірзақ бауырым.

- Қандай тақтайша?

- Илияс Жансүгіров 1935 жылы Ленинградтан келген ақын - жазушыларды осы Түркістанда қарсы алған екен. Жансүгіров ол кезде Жазушылар одағының төрағасы болыпты. Осы мәселені көтердім. Кешкісін Алматыдан Илиястың қызы Ильфа, баласы Саят Илиясұлы келеді. Ертең жол жүреміз. Бізбен бірге Дүйсенкүл Бопова, Әбілді Аймақ бірге болады! Сондай-ақ, Ленинградтан «Нева» журналының редакторы бар! - деді Өмірзақ Мелдеханов...

2003 жыл. 2-мамыр.. Біз Түркістанға жолға шықтық. Теміржол вокзалына тақта ілінді. Қала әкімі Мұхит Әлиев, Ильфа Илиясқызы, Әбілда Аймақ, Өмірзақ Мелдеханов сөз сөйледі. Лента қиылды.

Әбілда Аймақ өлең оқыды...

(Жалғасы бар)

Серік ЖАНӘБІЛ,
Шымкент қаласының
“Құрметті азаматы”.



ЕНДІ БАНКТЕ ТӨЛЕНГЕН ЧЕКТІ EGOV.KZ ПОРТАЛЫНАН ТАУЫП, ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУҒА БОЛАДЫ



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕР
ЖӘНЕ АҚПАРАТ ОНЛАЙН

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ eGov.kz порталының «Жүргізуші куәлігін алу» қызметінің жеңілдетілгені туралы хабарлайды. Бұл қызмет банкте алдын-ала төленген чектерді eGov.kz порталында іздеу тарапынан модификацияланды.

Бұрын бұл қызметті онлайн алу кезінде тек өтінімге онлайн өтінім жіберген кезде ғана төлеу мүмкіндігі болған еді.

Енді аталған қызмет «электронды үкіметтің төлем шлюзінде» модификацияланды. Мемлекеттік қызметтің паспортына сәйкес, жүргізуші куәлігін алуға жіберілген өтінім 60 минут ішінде өңделеді. Аталған қызметтің қорытындысы пайдаланушының eGov.kz порталындағы жеке кабинетіне хабарлама ретінде келеді.

Жүргізуші куәлігін онлайн ауыстыру көрсетілетін қызметі ағымдағы жылғы наурызда іске асырылған болатын. Қызметті алу үшін egov.kz өтінімді толтыру және оған ЭЦҚ-мен қол қою керектігін еске сала кетейік. Өтінімге фотосурет және қолтаңбаның сканерленген бейнесін қоса тіркеу керек. Бұдан әрі жеке кабинетке келетін хабарлама мен төленген чекті қағазға басып шығарып, дайын болған жүргізуші куәлігін алу үшін тұрғылықты жері бойынша арнайы ХҚКО-да апару қажет.

1 МИЛЛИОН ТЕҒЕГЕ ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫ БЕРІЛЕДІ

«7-20-25» ипотекалық бағдарламасына алдын-ала төлем жасау үшін, қазақстандықтарға тұрғын үй сертификаттары беріледі, деп хабарлайды «Баспана» Ипотекалық ұйымның баспасөз қызметі.

«Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауының аясында берген тапсырмасын орындау үшін, алдын-ала төлемді азайту үшін кемінде 50 мың тұрғын үй сертификаты «7-20-25» шығарылады.

2018 жылдың соңына қарай қазақстандықтарға 10 мыңға жуық сертификат беріледі», - делінген хабарламада.

Хабарда айтылғандай, қазақстандықтардың “7-20-25” бағдарламасына қатысты сұрақтары аз емес. Оларды қандай банктер арқылы несие рәсім-

деледі, алғашқы жарна көлемі қандай және пәтерге қол жеткізу үшін қанша жалақы алу керек, деген сұрақтар толғандырады. Құрылыс компаниялары, қаржы институттары тарапынан түскен ақпараттар БАҚ беттерінде жиі бұрмаланып жатады.

Құрылыс компанияларының маркетингтары бағдарламаның баламаларын ойлап тауып, халықты басқа сан қисындыларымен («0-20-25», «5-10-25») шатастыруда.

Оқырман қауым осы сұрақтардың нақты жауаптарын алып, баспаналы болар деген үмітпен арнайы 72025.stan.kz айдарын аштық.

Бұл жерден бағдарламаның қалай жүзеге асырылып жатқанын қадағалай аласыз.

Ұлттық банк төрағасы Данияр Ақышевтің мәліметінше, екі ай аралығында 18 миллиард теңгені құрайтын өтініштер мақұлданған. Бес жыл ішінде отандық банктер 1 триллион теңгеге ипотекалық несиелер бере алады.

Мерзімді салымдардан ақшасын уақытынан бұрын алғандарға айыппұл салынады. Бұл туралы ҚазАқпарат агенттігі хабарлады Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қорының төрағасы Нұрлан Әбдірахмановтың сөзіне сілтеме жасай отырып.

«Депозиттің барлық түрлері - мерзімді, мерзімсіз, шартты депозиттер бойынша салымдар сақталады. 1 қазанға дейін ашылған салымдар мерзімі ұзартылған сәтке дейін өзгермейді. Бірақ, 1 қазаннан бастап ашылған мерзімді және мерзімсіз салымдарға ашу және қызмет көрсету шарттары өзгереді. Тұтынушылар расында сыйақыны жоғалтпай кез келген уақытта ақшаны толтыруға мүмкіндік беретін депозиттерге сұраныс көп. 1 қазаннан бастап мерзіміне қарамастан депозиттің сыйақы

МЕРЗІМДІ ДЕПОЗИТТЕН АҚШАНЫ ЕРТЕ АЛҒАҒА АЙЫППҰЛ САЛЫНАДЫ

мөлшерлемесі 10,5% болады», - деді Нұрлан Әбдірахманов.

Сондай-ақ, ол мерзімнен бұрын алынатын қаржы үшін айыппұл салынатынын атап өтті.

«Мәселен, банктің келісімшартына сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің 50%-ын қайтарып алуға болады. Мерзімді салымға 100 мың теңге берілді деп есептейік. Оның 12 айдағы жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі 12 пайыз болады. Депозит 10 айдан кейінгі мерзімде қайтарып алынса, жинақталған сыйақымен бірге 104 958 теңге сомасында беріледі. Жалпы жинақталған сыйақының 50%-ы 4 958 теңге. Депозитті мерзімінен бұрын жабуға байланысты банкте



қалатын сома 4 958 теңге болады. Бұл айыппұл деп есептесек болады. Егер салым мерзіміне сәйкес алынса 112 015 теңге төленеді. Оның ішінде сыйақы сомасы - 12 015 теңге», - деді қор басшысы.

Сондай-ақ ол мерзімді депозиттер бойынша шектеулі пайыздық мөлшерлеменің шкаласы бекітілгенін атап өтті. Естеріңізге сала кетсек, Ұлттық банк басшысы теңге

Зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңнамаға сәйкес міндеттемелер туындаған кезде азаматтық-құқықтық шарттар бойынша жеке тұлғалармен алынған табыстан міндетті зейнетақы жарналары үшін олармен 200.00 СЕН да көрсетуге қатысты түсіндірме.

ДЕКЛАРАЦИЯНЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ӨЗДІГІНЕН ТАПСЫРУЫ ТИІС

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабының 28) тармақшасына сәйкес, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі - агент) - Қазақстан Республикасында қызметін шетелдік заңды тұлғалардың тұрақты мекемесі, филиалдары, өкілдіктері арқылы жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаларды қоса алғанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есепке жазатын) және бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударатын жеке немесе заңды тұлға.

Заңның 29-бабының 1-тармағында Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, агенттер міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының есептелген, ұстап қалынған (есепке жазылған) сомалары жөніндегі мәліметтерді көрсететін жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген мерзімде тоқсан сайын тапсыратындығы белгіленген.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 355-бабының 1-тармағына сәйкес жеке табыс салығы және әлеуметтік салық бойынша декларацияны салық агенті тұрған жердегі салық органдарына есепті кезеңнен кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей:

салық агенттері, оның ішінде тіркелген шегерімді пайдалана отырып арнаулы салық режимін қолданатын салық агенттері; әлеуметтік төлем агенттері немесе төлеушілер, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өз пайдасына тапсырады.

Осылайша, есепші тоқсан үшін кейінгі екінші айдың 15-күнінен кешіктірмей, тоқсан сайын міндетті зейнетақы жарналарының, есептелген (есепке жазылған) сомалары жөніндегі мәліметтерді көрсете отырып, «Салық есептілігі нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 12 ақпандағы №166 бұйрығымен бекітілген жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық бойынша декларацияны (200.00 СЕН) азаматтық-құқықтық шарттар бойынша табыстар алатын жеке тұлғалар өздігінен тапсыруы тиіс.

Көрсетілген салық төлеушілер 200.00 СЕН толтыру кезінде «Салық төлеушілердің санаты» 6 жолда:

«Өз пайдасына аударуға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы» 200.00.004;

«Өз пайдасына мәлімделетін табыс» 200.01.009 белгі қоймайтындығына және жолды толтырмайтындығына назар аударамыз.

Бұл ретте, аталған нысанның форматтық-логикалық нәтижелері есепсіз серверге жіберілетін болады және хаттамада жазылған қателер хабарланды.

Қаратау ауданы МКБ-сы салықты әкімшілендіру бөлімі.

Бетті дайындаған: Жеңісхан КЕРІМБАЕВ.

«СУДЬЯНЫҢ КӨМЕКШІСІ» ПИЛОТТЫҚ ЖОБАСЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Түркістан облысында «Сот төрелігінің жеті түйініне» жататын «Үлгілі сот» бағдарламасын іске асыру шеңберінде «Судья көмекшісі» пилоттық жобасы іске қосылды, деп хабарлайды Түркістан облыстық сотының баспасөз қызметі.

Жобаның негізгі мақсаты соттар жұмысының тиімділігін арттыру, сот төрелігінің сапасын жақсарту, сондай-ақ, судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмыстарын оңтайландыру болып табылады.

Пилоттық жобаның мақсаты судьялардың жұмысының тиімділігіне барынша жағдай жасау арқылы сот төрелігін жүзеге асыруды оңтайландыру болып табылады.

Пилоттық жобаның ерекшелігі судья көмекшісінің функцияларын судьялыққа кандидаттардың ақы төленетін тағылымдама кестесін сақтай отырып, ішінара біріктіру мүмкіндігі.

Қазіргі таңда он судья көмекшісі жұмыс істей бастады, олардың үшеуі ақылы тағылымдамадан өтіп жатқан судьялыққа үміткерлер.

Ағымдағы жылғы қыркүйек айында ҚР Денсаулық сақтау министрлігі «Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтердің тарифтерін бекіту туралы» бұйрыққа (бұйрыққа сілтеме - <http://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017353>) қол қойды.

Бұйрықта медициналық көмек (дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік) және

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ ТАРИФІ БЕКІТІЛЕДІ

жоғары технологиялық медициналық көмек көрсетуге тарифтер көрсетілген.

Бекітілген тарифтер – бұл мемлекеттің медициналық ұйымдарға бір емделіп шығу жағдайы үшін емдеуге бюджеттен өтейтін медициналық қызметтердің құны. Медициналық қызметтің құны пациенттерге көрсетілген медициналық көмектің күрделілік деңгейіне қарай құбылады. Осы бұйрықпен күрделі жағдайларды емдеу кезінде

Жыл сайын Қазақстанда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халыққа тегін көрсетілетін медициналық қызметтердің тарифтері бекітіледі, деп хабарлайды ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі.

медициналық ұйымдар көтеретін шығыстарды ескере отырып, акушерлік-гинекологиялық және неонатологиялық бейіндер бойынша қызметтерге төлем енгізілген.

Бұйрық ТМҚКК шеңберінде және одан әрі МӘМС енгізу кезінде стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық қызметтерді көрсететін медици-



налық ұйымдарды, яғни әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен медициналық қызметтер көрсету туралы шарттары бар медициналық, оның ішінде жеке ұйымдарды қамтиды.

Осы тарифтердің – мемлекеттің тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шегінде азаматтарға тегін көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған шығыстары екенін атап өту қажет.



Қатерсіз ісіктер

Ісік

- әр түрлі ағзада өздігінен пайда болатын, шексіз тоқтаусыз, бақылаусыз өсумен сипатталатын, құрылымы мен қасиеттерінде негізгі жасушалардан үлкен айырмашылықтары бар дерттік өзгерістерге ұшыраған жасушалар жиынтығы. Жануарларда, тіпті өсімдіктерде де ісіктер кездеседі. Қазіргі уақытта жер бетіндегі әрбір бесінші адамда ісіктің әйтеуір бір түрі бар деген де статистика бар.

Соңғы уақытта дәрігерлер науқас қандай ауруға душар бола қалса да, ең алдымен онкологиялық тексерулерден өтіп келуді тапсырады. Мұның барлығы денеміздің кез келген жерінде бұртиып пайда бола қалған түйінді көргенде бейжай қарамау керектігін ұғындырса керек.

Сондықтан да кез келген адамда ісіктер туралы жалпы мағлұмат болған дұрыс.

Медицинаның онкология саласы барлық ісіктерді құрылысына, клиникалық көріністеріне қарап қатерсіз, қатерлі ісіктер деп бөлінеді. Бүгінгі мақаламызда қатерсіз ісіктер туралы айтамыз.

Бұлардың бір-бірінен ең негізгі айырмашылығы, қатерсіз ісіктер еш уақытта көрші сау ұлпаларға, тіндерге, яғни мүшелерге тарамайды, немесе көшпейді, зақымдамайды. Екіншіден, міндетті түрде сау ағзаларды зақымдап, өмірге қауіп туғызады.

